



XI INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE

SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD:
CHALLENGES OF THE XXI CENTURY



ASTANA, KAZAKHSTAN
OCTOBER 2022





**ОБЪЕДИНЕНИЕ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ В ФОРМЕ
АССОЦИАЦИИ «ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ДВИЖЕНИЕ «БОБЕК»
КОНГРЕСС УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА**



«SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD:
CHALLENGES OF THE XXI CENTURY»

атты XI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция
ЖИНАҒЫ

МАТЕРИАЛЫ

XI Международной научно-практической
конференции
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ:
ВЫЗОВЫ XXI века»

6. ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ И АРХЕОЛОГИЯ





УДК 378 (063)

ББК 74.58

С 940

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Е. Абиев (Казахстан)

Ж.Малибек, профессор;

Ж.Н.Калиев к.п.н.;

Лю Дэмин (Китай),

Е.Л. Стычева, Т.Г. Борисов (Россия)

Чембарисов Э.И. д.г.н., профессора (Узбекистан)

Салимова Б.Д. к.т.н., доцент (Узбекистан)

Худайкулов Р.М. PhD (Узбекистан)

Заместители главного редактора: Е. Ешим (Казахстан)

С 940

«SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD: CHALLENGES OF THE XXI CENTURY» материалы XI Международной науч-прак. конф. (ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ И АРХЕОЛОГИЯ)/ сост.: Е. Ешим. – Астана, 2022 – 33 с.

ISBN 978-601-332-271-1

«SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD: CHALLENGES OF THE XXI CENTURY» атты XI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағына Қазақстан, Ресей, Қытай, Түркия, Белорус, Украина, Молдова, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Грузия, Монғолия жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің қызметкерлері мен ұстаздары, магистранттары, студенттері және мектеп мұғалімдерінің баяндамалары енгізілді. Жинақтың материалдары жоғары оқу орнындары мен ғылыми мекемелердегі қызметкерлерге, оқытушыларға, мектеп және колледж мұғалімдеріне, магистранттар мен студенттерге арналған.

XI Международная научно-практическая конференция «НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ: ВЫЗОВЫ XXI века», включают доклады ученых, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Россия, Китай, Турция, Белорусь, Украина, Кыргызстан, Узбекистан, Таджикистан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Монголия). Материалы сборника будут интересны научным сотрудникам, преподавателям, учителям средних школ, колледжей, магистрантам, студентам учебных и научных учреждений.

УДК 378 (063)

ББК 74.58

ISBN 978-601-332-271-1



УДК 39.(575.2)

ДАН ЭГИНДЕРИНЕ БАЙЛАНЫШКАН КЫРГЫЗ ЭЛИНИН ЫРЫМ-ЖЫРЫМДАРЫ

Идирисова Севара Отабековна

ОшМУнун тарых факультетинин магистранты,
Илимий жетекчиси – доцент Сатыбалдиева Чыныхан Топчубаевна
Ош, Кыргызстан

Аннотация: Бул макалада кыргыз элинин салттуу маданиятындагы дыйканчылыгы жана дан эгиндеринен жасалган тамак-аштар жана аларга байланышкан ырым-жырымдары жөнүндө айтылат.

Ачкыч сөздөр: салттуу маданият, дан эгиндери, буудай, нан, тамак, ырым-жырымдар, кыргыз эли, камыр, ун, арпа, дыйканчылык.

Аппак күндөй нан керек,
Амач карма, жер айда.
Ай талааны чиймелеп,
Арпа, буудай, дан айда.

(Элдик ыр)

Дан эгиндери дегенде адамдын көз алдына тынчтык жана токчулук тартылат. Элибиз бата берип жатканда “кырманьң толо данга толсун” деп бекеринен айтпаган. Бул макалада кыргыз элинин жоголуп бара жаткан дан эгиндерине байланышкан ырым-жырымдары, дыйканчылыгы жана дан эгиндеринен жасалган тамак-аштары жөнүндө учкай кеп кылабыз. Кыргыздарда жаратылыштык шарты дыйканчылыкка ыңгайлуу болбогонуна байланыштуу XIX кылымдын үчүнчү чейрегине чейин алардын тамак-ашы мал чарбачылыгынын үстөмдүк кылып турушу менен аныкталган: аларда сүт азыктары жана эт басымдуулук кылган. Тарыхый маалыматтарга караганда, XIX кылымдын орто ченинде түндүктүк кыргыздар, таруудан ботко жасашканы менен негизинен “сүт жана адалданган малдын эти менен” тамактанышкан. Бул мезгилде, мисалы, Памирдин жана Каратегиндин кыргыздарына ун деген түшүнүк белгисиз болгон: алардын колуна ун тийип калган күндө деле андан нан жабышпастан анын ордуна ундан атала-жарма жасашкан.

Кыргызстандын территориясынан табылган археологиялык көп сандаган эстеликтер бул жерде байыркы мезгилде эле бай жана ар тараптан өнүккөн маданият болгондугун айгинелеп турат, ал маданият Орто Азия кош өзөнүнүн аймагында, ага канаатташ жаткан тоо-талаа жерлеринде жашашкан уруулардын жана элдердин маданияты менен тамырлаш. Байыркы мезгилде жана орто кылымдарда Тянь-Шанды жана Памир-Алайды мекендеген уруулардын урпактары тигил же бул даражада кыргыз элинин курамына кирген, ушундан улам бул территорияларда мурда жашап өтүшкөн элдин чарбачылык турмуш, тиричилик жана маданият салттары менен азыркы кыргыз калкынын бул жагынан белгилүү бир улантуучулугу бар экендиги байкоого болот. Кыргыздардын чарбачылыгы бир беткей өнүккөн эмес. Кыргыздардын мал чарбачылыгы дыйканчылык жана анча-мынча аңчылык менен да айкалыштырылган, чындыгында ал комплекстүү мүнөздө болгон. Анткен менен кыргыздардын ар түрдүү топторунун чарбачылык багыт алуусу бирдей болгон эмес. Азыркы кездеги кыргыздар мекендеп турган аймакта дыйканчылык маданияты алда качантан эле болгон. Ал байыркы мезгилде Ферганада кыйла өнүгүүгө жетишкен; биздин заманга чейинки I-миң жылдыктын экинчи жарымында дыйканчылык маданияты Чүй өрөөнүндө гүлдөө мезгилин башынан өткөрүп, ага Согдодан келген дыйкандардын таасири



тийген. Монголдор мезгилинен кийин түндүк Кыргызстанда дыйканчылыктын толук кедери кеткен. Көл кылаасынын, Чүй өрөөнүнүн аймактарында жана Түндүк Кыргызстандын башка райондорунда дыйканчылыктын кайра жаралышы бул жакка орус жана украин дыйкандарынын көчүп келиши (бул XIX кылымдын 60-70-жылдарында башталган) менен байланыштуу болду деген пикир келген эле [1].

Чындыгында, бул жердеги дыйканчылык маданияты андан алда канча мурда кайра жаралган. Ал маданиятты жайылтуучулар бул жергенин түпкүлүктүү тургундары — кыргыздар болгон, алар ойрот феодалдары XVII кылымда убактылуу басып алган мурдагы жерлерине келээр замат жерди иштете башташкан. Фергана менен канаатташ жаткан Тогуз-Торо өрөөнүндө (Тянь-Шань) XVII-XVIII кылымдардын тогошунда эле кыргыздар сугат дыйканчылыгын жүргүзүшкөн. Бул маалыматтар XVIII кылымдын соңку чейрегине таандык кытай даректеринде, ошондой эле капитан И. Г. Андреевдин XVIII кылымдын аягында жазган эмгекте ырасталат. И. Г. Андреев «Кыргыздар аштыкты кыйла көп өстүрүшөт, ал үчүн жай бою иштеп чыгышат», — деп билдирет. Фергана ойдуңунун жана аны курчап турган тоо этектеринин территорияларында кыргыздар шексизмындан мурда деле дыйканчылык кылышкан. В. П. Наливкиндин материалдарына XVII кылымда кыргыздар бул жерде ирригациялык чоң системаларды куруу үстүндө иштешкендиги көрүнүп турат.

Алда канча кийинки даректер Ысык-Көл ойдуңунда, Чүй жана Талас өзөндөрүнүн бойлорунда, ошондой эле Фергана өрөөнүндө, Кетмен-Төбө ойдуңунда жана климаттык шарттар мүмкүнчүлүк берген тоолуу жерлерде, кээде кыйла бийик жерлерде (мисалы, Ат-Башы өзөнүнүн бийик тоолуу өрөөнүндө) жашашкан кыргыздарда дыйканчылык кеңири таралганы жөнүндө жапырт айгинелеп турат. Муну Зибберштейн (1825-ж.) жана Чокон Валиханов (1850-жылдардын экинчи жарымы) ынандыруулары далилдешкен. [2., 339-б.]

Кыргыздардын дыйканчылык маданиятында отурукташкан коңшу элдердин - өзбектер менен тажиктердин жана отурукташкан уйгур калкынын (азыр Кытай Эл Республикасынын Синцзян-Уйгур автономдуу районунда жашап жаткан) дыйканчылык маданияты менен окшош көп белгилери бар. Демек кыргыздарда дыйканчылык чарба-маданияты Орто Азиядагы жергиликтүү дыйканчылык менен тыгыз карым-катышта өнүккөн.

Айдалбаган аңызга эгин эгилгенге чейин, айдашкан жана малалашкан, андан сон үрөн себилген. Баш кийимге, күрмөнүн этегине, көнөккө, торбого салынган үрөндү уучтап алып себишкен. Кийинчерээк үрөн себүүдө орустардын ыкмасы колдонулган: үрөндү капка салып алып эгишкен. Кыргыздарда үрөн себүүнүн көчмөндөр үчүн гана мүнөздүү ыктары али сакталып турган. Атчан бастырып баратып үрөндү аттын башынан ашыра себишкен. Малалоо бир нече жол менен жүргүзүлгөн. Долононун, арчанын ж. д. у. сыяктуулардын таңылган бутактары (мала, шак мала) же бутактуу устундар пайдаланылган. Көп учурда буурусунду капталынан жыгып алып, оор болсун үчүн анын үстүнө бир адамды чыгарып коюп малалашкан. Кийинчерээк жыгач же темир тиштүү малаларды пайдалана башташкан, аларды кандай жасоону келгин орустардан үйрөнүшкөн. Түшүм чаап-жыйноодо ороктун эки түрү — идирек миздүү кыргыз орок, кол орок жана Орто Азиянын башка жерлеринде да жайылган масгел бирденбир курал болгон [5]. Информаторлорду эскерүүлөрүнө таянсак, эгин чаап-жыйноо үчүн качандыр-бир кездерде койдун жаак сөөгү же жылкынын кабыргасы колдонулган [6]. Чакан аянттагы аштыктын баштарын жөн эле кол менен жулуп, же кадимки эле бычак менен кесип, же тамыры менен жулуп алышкан. Кийинчерээк орус чалгысы бир аздан жайыла баштаган. Орулган эгиндин боолорун адегенде же талаага үйүп коюшкан, же чийнеге жүктөп алышып түз эле кырманга тартып келишкен, бул үчүн чанда гана орус же украин арабалары колдонулган.



Дан бастыруу үчүн ар кыл ыктар колдонулган. Аштыктын аянты өтө чакталуу, эң алгачкы мезгилдерде кызылды аштыктын башы үйүлүп турган жеринде эле токмоктоп күбүп алышкан. Бул максат үчүн жыгач сокурларды да пайдаланышкан. Анткен менен малдарды (жылкыларды, өгүздөрдү, эшектерди) пайдалануу темин басуунун, пайкандын эң кеңири тараган ыгы болгон. Бул үчүн кырмандын ортосуна орнотулган момукка (мамыга) кийгизилген чыбык төңөлүккө — чалберекке аларды байлап коюп, төшөлгөн боолорду тебетип айдашкан. Түштүк Кыргызстанда эгин бастыруу үчүн өзбектер менен тажиктердин тик бурчтуу, чырпык менен ортосу тордолгон увалын (тажикче: чапар) колдонушкан. Орус жана украин келгиндеринен жана дунгандардан моло таш менен кызыл бастыруу жолун үйрөнүшкөн [1]. Кызылды биринчи жолу бешилик айры менен топондошкон, андан кийин, экинчи жолу бастырылган соң күрөк менен сапырышкан. Түштүктө данды “калбыр-барак” менен элеп алышкан. Эгинди бастыруу бүтүп, таза дан үймөктөлгөндөн кийин салттык сый чеч берилген. Бул үчүн кандайдыр-бир майда жандыкты союу жөндүү деп эсептелген. Жандыктын башына шыпыргы төшөп, канын күрөккө агызышкан. Данга жана таякка малдын канын чачышкан. Бул ырасымды баба дыйканга арнап өткөрүшкөн. Бул ырасым тажиктердин «чошбандисине» окшош болгон [3., 391-б.]. Бирок азыркы күндө бул ырымды колдонуудан калган.

Ун тартуу үчүн Орто Азияда жалпы типтеги суу тегирмендери менен катар көп учурда жаргылчактарды колдонушкан. Кыргыздар чарбачылыкта универсал курал кетменди колдонушкан. Жер казуу, арык чабуу ж. д. у. сыяктуулар үчүн колдонулган бул курал Орто Азиянын бардык жерлеринде кеңири тараган. Жалпысынан кыргыздардын дыйканчылыгы өзүнүн кээ бир эзелки, өзгөчөлүү белгилерин сактап калып, бүткүл Орто Азия элдеринин дыйканчылыгы менен табигый байланышта турган.

Буудайдын 30 дай жапайы жана эгилме түрү бар. Эгилме буудай ал Алдынкы Азияда Түркмөнстандан б.з.ч. 7-6 миң жыл илгери эле белгилүү болгон. Дүйнөдө жыйылган эгиндин 27% ин буудай түзөт. Жумшак жана катуу түрү дүйнөнүн көп жерлеринде айдалат. Даны жагымдуу, калориялуу, курамында белок, углевод, витаминдер, ферменттер, минерал заттар жана башка бар. Даны, улпагы жана башка калдыктары- баалуу аралаш тоют катары калын кеңири тараган. Саманы кесек (гувалак) тоютка жана малга төшөлгө катарыда пайдаланылат. Буудай бир жылдык маанилүү азык-түлүк дан өсүмдүгү; көп жылдыгы да бар. Ал күздүк жана жаздык болуп бөлүнөт [4].

Көчмөн турмушту башынын кечирген кыргыздардын материалдык маданияты жана руханий маданияты өтө бай жана байыркы болуп эсептелинет. Жашоо шартына ылайыкташып жасалган боз үйлөрү, кийген кийимдери, тамак-ашы, оокат-тиричилиги жана алыс сапарга жолоочулугу, мал-жан менен мамилелери, турмуштук жагдайлары ошол элдин тарыхый өнүгүшүн, рухий дүйнөсүн көрсөтүп турат. Кыргыздардын тамак-аштары малдын азыктарынан жана нукура дандан тургандыктан чоп отуна карата күчтүү, абдан кубаттуу келет. Бүгүнкү учурда кыргыз тамак-аштарын изилдөө-иликтөө, жандандыруу максатында жайылган дасторкондун айрым унутулган түрүн кайра эске алуу, аны сактоо алдыбызга тургандыктан жаш муунга түшүндүрдүрүү аракеттери абдан зарыл болшуп турат.

Камыр – арпа, будай жана жүгөрүнүн ударына (загыра) суу кошуп илешкек жумшак консистенцияга жеткирилип жуурулган абалы. Азыркы кезде көбүнчө буудай ундан жасалат. Ал эми загыра, асыресе арпанын уну унутулуп баратат. Кыргыздын улуттук ашканасында илгертен эле камырдын “ийиккен” жана ачыган түрлөрүн билген. Ийи канган кадимки камырдан кесме, бөлөк жупканын түрлөрүн нандарды бышырышкан. Улуттук ашканабызда камырдан болгон кургак оокаттарды негизинен оттун табына кактап жана майга бышырат.



Нан – дандан даярдалуучу бышырылган азык, токок. Буудай, арпа, жүгөрү, сулу унунан жуурулуп бышырышат. Археологдордун маалыматтарына караганда машактуу өсүмдүктөрдүн данын азык катары пайдалануу мындан X, XV миң жыл мурда башталган. Бул доордо от да колдонуп, данды кууруп (бышырып) жешке шарт түзгөн [2., 330-б.] Нандын түрлөрү: шыбама, казан нан, загыра нан, калама, көмөч, коруштуу, пияз көмөч, каттама, тандыр нан, патир нан, бурама нан, чаңгели, күлчө, шырман нан, сейдене нан, сүмөлөк нан.

Бул теманы Ош облусунун Өзгөн районуна караштуу Куршаб айылындагы информаторлордун айтымында төмөнкүдөй маалыматтар алынды. Нанды тебелебейт. Анын күкүмү түшүп кетсе да сөзсүз терип, өйдө алып коюш керек. Элибизде нанды тебелеген адам көр болот деп коюшкан. Нанды тескери койбойт. Нанды тескери койсо ал таарынат, үйдөн кут качат деп айтылып жүрөт. Нанды бир колдоп сындырбайт. Нанды сөзсүз эки колдоп сындыруу керек. Аны бир колдоп үзүп алуу - кесирликтин белгиси болгон. Ошондой эле аны өтө майдалап сындырса, жашоосу да майдаланып калат деген ишеним бар. Нанды таштандыга ыргытпайт. Каттып же көгөрүп кеткен нанды таштандыга ыргытуу туура эмес. Аны ит же тоокко берип, болбосо таштанды челекке өзүнчө баштыкка салып илип койгон туура. Нанды ар кай жерге таштаган адамдын иши оңбой калат деп айтылат. Нан менен ойнобойт. Балдарга нанга туура мамиле жасап анын улук экенин айтып, тарбиялоо - ата-эненин милдети. Нан менен ойноп, жерге таштап, аны кор кылган баланын ишине ата-эне күнөөлүү болуп калат. Нанды күйгүзүп бышырбайт. Нан канчалык жакшы бышса, ал ээсине ыраазычылыгын билгизет, эгер аны күйгүзүп салса, "сен да күйүп кал" деп каргайт имиш. Ушакты терип жесен бай болосун [2., 344-б.] Элибиз тилдеп жатканда да жаман сөздөрдү оозуна алган эмес, анын ордуна “кырманын данга толгур” деп тилдешкен.

Жыйынтыгында, жогорудагы кыргыздардын салттуу маданиятынын негизин түзгөн дан эгиндеринен жасалган тамак –аштары жана аларга байланышкан ырым-жырымдар ааламдашуу доорунда трансформацияга учурап же такыр жоголуп баратканы белгилүү болду. Бирок ошол эле учурда өзүбүздүн каада-салтарды, ырым-жырымдарыбызды билип жүрүү жана аны кийинки муунга өткөрүп берүү биздин милдет деп ойлойбуз.

КОЛДОНУЛГАН АДАБИЯТТАР:

1. Абрамзон, С.М. Кыргыз элинин маданиятынын очерки // Кыргыз жана Кыргызстан тарыхы боюнча тандалма эмгектер / Котор. С.Мамбеталиев, Д. Сулайманкулов, С.Макенов. – Бишкек: Кыргызстан - Сорос фонду, 1999. – Б. 59.
2. Кыргыздар: он төрт томдук. 12-том. –Б., “Бийиктик”, 2011. - 464 бет.
3. “Кыргызстан”. Улуттук энциклопедия: 2-том. /Башкы редактор Асанов Ү.А. –Б., “Мамлекеттик тил жана энциклопедия борбору”, 2007. – 808 бет.
4. <https://bilim-kg.com/nan-zhonundo-makaldar-2>
5. <https://ky.wikipedia.org/wiki/pedi>
6. Информатор: Юсупова Зуура, Ош обл., Өзгөн району, Куршаб айылынын тургуну, 65 жашта, пенсионер.



**ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН
ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ**

Махамбетова Айнур Жагипаровна

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің

«Қазақстан тарихы» пәнінің оқытушысы

Қызылорда, Қазақстан

***Аннотация:** Бұл мақалада Д.А.Қонаевтың экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылымды, ұлттың мәдениетін дамыту ісінде Қазақстанның көп ұлтты халқының алдында сіңірген еңбегі қарастырылды. Оның басшылығымен ғылыми мекемелердің жұмысын кеңейту, оларды кадрлармен нығайту, ғылымның өндіріспен байланысын күшейту, мәдениет саласында дамытуға баса назар аударылып, Ғылым академиясының жұмысы жандандырыла түсті.*

***Түйінді сөз:** Д.А.Қонаев — аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері*

Қазақтың ХХ ғасырдағы ұлтымыздың ұлы перзенті, дара тұлға, аса көрнекті мемлекеттік қайраткер Дінмұхамед Қонаевтың елу жылдай кеңестік Қазақстанды басқарған, жалпы қазақ мемлекеттілігінің тарихында Алаштың ардақтысы, халқымыздың біртуар перзенті, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің алатын орны ерекше. Бүгінгі өскелең ұрпақтың Қазақстан мәдениеті, ғылымы, рухани өмірі мен сол мәдениетті жасаушыларға деген қызығушылықтарының күн санап арта түсуінен де ұлтымыздың ұлы тұлғаларына деген сүйіспеншілігі мен құрметі анықталады. Сондай өз ғасырының біртума перзенттерінің бірегейі ретінде тарихтың алтын парақтарында өмір жолы мен қызметі хатталып, халқының жадында мәңгілікке сақталып қалған есім – Дінмұхамед Қонаев.

Д.А.Қонаев партиялық және мемлекеттік қызметті ғылыми жұмыспен тығыз ұстастыра алған жан. Кен ісі саласындағы алғашқы ғылыми ізденістерінен бастау алған ғалымның жолы, осы саладағы өз мектебін қалыптастыра алған көрнекті ғалымдықтан ғылыми жұмыстардың аса көрнекті ұйымдастырушысы ретінде Қазақ КСР Ғылым академиясын, республика ғылымын дамытуға да көп еңбек сіңірді. Оның басшылығымен ғылыми мекемелердің жұмысын кеңейту, оларды кадрлармен нығайту, ғылымның өндіріспен байланысын күшейту, республиканың өндіргіш күштерін дамытудың өзекті де түйінді мәселелерін шешу, ғылыми әлеует пен материалдық ресурстарын тиімді пайдалану, сондай-ақ мәдениет саласында дамытуға баса назар аударылып, Ғылым академиясының жұмысы жандандырыла түсті.

Академик К.Нұрпейіс көрсеткендей «Әскери қорғаныс руднигі мен зауыты, Мәскеу мен Алматының арнайы қызмет орындары мен партия аппаратының қатаң бақылауында болуы жұмыс тәртібіне тиімді ұйымшылдық орнатуға, еңбек өнімділігінің өсуіне, демек, кәсіпорындарының жұмысына айтарлықтай ықпал жасады. Осылардың барлығы Д.А.Қонаевтың мінезіне де, жұмыс бабындағы іс-әрекеттеріне де өшпес із қалдырды. Ол басшылық жасаудың сан-алуан қыры мен сырын үйреніп, шындалды, атап айтқанда келешекті ойлап абай болу, нақтылы жағдайды бағалау, жүктелген жауапкершілікті толық сезіну сияқты қасиеттерді игерді. Қорыта айтқанда, осылардың бәрі Д.А.Қонаевтың қызмет бабындағы баспалдақпен жоғары көтерілуіне жол ашты, жолы болды» [1].

Д.А.Қонаев 1936 жылы Москва түсті металл және алтын институтын бітіргеннен кейін, өзінің кәсіптік қызметін Қоңырат кен байыту орнында бастап, Балхаш пен Қоңырат секілді ірі кен өндіру комбинаттарының құрылысына да тікелей араласады және де өз қолтаңбасын қалдырды. Ал 1936 жылы жас маман Риддер секілді атақты рудниктің директоры қызметін атқара жүріп ғылымнан бір сәтке де қол үзген емес. Атап айтар болсақ,



Дінмұхамед Ахметұлының ғылымға деген талпынысы мен құштарлығы 1948 жылы техника ғылымдарының кандидаты, 1963 жылы докторы ғылыми дәрежесіне диссертациялар қорғауына әкелді. Кандидаттық диссертацияның негізінде оның бірнеше ғылыми еңбектері «Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары» (1949), «Қазақ КСР» (1958), «Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты карьерлерінде кен қазу жұмыстарының технологиясын жетілдіру» (1966), «Қазақстанда кен қазу жұмыстарының ашық әдістерін дамыту» (1950) және т.б. аса құнды еңбектер жазды. Аталған еңбектер өз уақытында жоғары бағаланды. Оның дәлелі, 1942 жылы «Қазақ КСР-і Жезқазған ауданының кен орындары» атты ғылыми еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлықпен, ал 1958 жылы Орталық Қазақстанның металлогендік және болжау картасын жасағаны үшін Лениндік сыйлықпен марапатталды. Ұзақ жылғы ізденістердің нәтижесінде 1952 ж. Академияның толық мүшелігіне (академик) сайланады. Сондай-ақ ғалымның ұзақ жылғы ізденістерінің дәйекті қорытындысындай болып оның артында қалған 200-ден аса ірі-ірі ғылыми еңбектері бүгінгі сұраныстан тысқары қалған жоқ [2].

Міне, осылайша ғылымның күрделі де киелі аспалдақтарынан өте жүріп оны басқару қызметіне де кезек келді. Бұл жылдар Отан соғысынан кейінгі кеңінен етек алған «идеологиялық жұмысты күшейту» жөніндегі сталиндік тәртіптің барынша күш алып тұрған тұсы болатын. Кешенді түрде жүргізілген «идеологиялық шабуылдың» басты нысанасы қоғамдық өмірдің басы-қасында жүрген, ұйытқысы болған – зиялылар қауымы болды. XX ғасырдың 40-50-ші жылдарында өріс алған бұл идеологиялық саясаттың басты мақсаты әдебиет пен өнерге, ғылыми және көркем шығармашылыққа өзі ғана қалыптастырған стандарттан шықпауды, олардың бойына тұнған жалпы адамзаттық құндылықтарды сызып тастауға, басты алапаты – ұлттық сана-сезімді өшіру, тұншықтыру болды, сонымен қатар жалпы зиялылардың халықаралық байланыста, тәжірибе алмасуына қатаң тиым салды. Одақ көлемінде қанат жайған бұл саяси науқан Қазақстанда ВКП(Б) ОК идеологиялық мәселелер жөніндегі қаулысына сәйкес 1946 жылы 25-26 қыркүйекте өткен республика әдебиет және өнер қайраткерлерінің актив жиналысынан бастама алғаны анық. Жоғары оқу орындары мен академиялық зиялыларды қудалаудағы «идеологиялық саясаттың» негізгі өзегі 1947 жылы 21 қаңтарда қабылданған Қазақстан КП(б) ОК «Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысында жіберілген өрескел саяси қателіктер туралы» қаулысы болды. Осы қаулы негізінде жүргізілген тазарту жұмыстарының салдарынан және тоталитарлық жүйенің идеологиялық қалыбы жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ ғылымын ғана емес, Ғылым академиясы және оның мекемелеріндегі ғалымдар мен қызметкерлерді, олардың соны ғылыми тұжырымдарын тұншықтырып қана қоймады, филология және тарихи зерттеу барысындағы жаңа тақырыптардың жабылуына да әкелді. Бұл салқындық қазақ ғылымының бар саласын шарпып өткені анық.

Сталиндік тәртіптің аяусыз жүргізген осы бір «идеологиялық шабуыл» саясаты, науқаншылдықтың суық ызғары қазақ ғылымының тоталитарлық жүйе қалыптастырған ағыммен ғана дамуына барынша әсер етіп қана қоймай, сол тар құрсаудан шығып кетпеулеріне баса назар аударылғандығы да анық. Ел ғалымдарын еріксіз қудалауға бастама болған 1950 жылдың 26 желтоқсанында «Правда» газетінде жарияланған «Қазақстан тарихи мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан көрсетейік» деген тақырыппен жазылған мақала еді. Осыдан кейін Орталық Комитеттің VIII Пленумында «Республика партия ұйымдарында идеологиялық жұмыстың жағдайы және оны жақсарту шаралары туралы» үлкен мәселе қаралады.



Аталған мәселе ҚКП ОК хатшысы Ж. Шаяхметовтың Ғылым академиясының 1952 жылығы 17 сәуірде өткен Жалпы жиналысының сессиясында жасаған баяндамасында да қамтылды. Баяндамашы Академия жұмысындағы кемшіліктер:

а) Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлауда және оларды орындауда жіберіліп отырған өрескел кемшіліктер әлі де орын алуда, ...

б) ғылымның жетістіктерін өндіріске енгізудегі әлсіздіктер;

в) бірқатар академиялық мекемелердің өмірден, практикалық сұраныстардан, халықшаруашылығының қажеттіліктерінен қол үзіп қалуында» деп көрсетеді. Сондай-ақ осы баяндамасында Ж.Шаяхметов Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті тарихы мен өнертануға қатысты мәселелерді жариялауда кейбір жекелеген тарихшылар мен әдебиеттанушылардың жіберген буржуазиялық-ұлтшыл сипаттағы өрескел қателіктерін ВКП(б) ОК-нің және оның орталық басылымы – «Правда» газетінің көмегімен ашылғандығы туралы да тоқталып өтеді. [3]

Д.А.Қонаев Ғылым академиясының басшылығына келген жылдары оның материалдық-техникалық базасы әлсіз, кадр тапшылығы да күн тәртібіндегі ашық мәселе болды. Осындай шешуін таппаған күрделі мәселелер туралы сессияда «1952 жылғы жұмыстың қорытындысы және партияның XIX съезінің шешімдеріне сәйкес 1953 жылғы міндеттер туралы» баяндама жасап, онда мыналарды атап көрсетті: Қарағанды бассейнінің көмірін зерттеу; Сталинград және Бас Түркмен каналының жоспарларын жасауға көмектесу; Орталық Қазақстанның экономикасы мен обводнение мәселелері; мал шаруашылығы жаңғырту сапасы; Қазақстан мал шаруашылығына қажетті азық-түлік базасын даярлау; Егістік далаларды ормандармен қоршау арқылы қорғау, өнеркәсіптік аудандарды көгалдандыру, орман алқаптарын қалпына келтіру және кеңейту; Кәсіптік ауруларды зерттеу және олардың алдын алу жолдарын анықтау; Адам және жануарлар арасындағы жұқпалы аурулардың ошағын зерттеу; Қазақ КСР тарихының мәселелері; Қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси, философиялық және құқықтық көзқарастары зерттеу және олардың шығармаларының жинақтарын дайындау; Қазақ және ұйғыр тілдерін лексикасын зерттеу және т.б. Сондай-ақ ірі теориялық мәселелердің ішінен 2 салаға - биология және медицина ғылымдары және гуманитарлық ғылымдарға баса назар аударылатынына тоқталады [4].

Республика Ғылым академиясының жұмысын жақсарту мақсатында Д.А.Қонаев КСРО Ғылым академиясынан тәжірибелік және маман кадрлармен толықтыруға көмек сұрайды. Осыған орай Орталықтан келген комиссия бірнеше бағытта жұмыс жасап, ғылыми-зерттеу институттарының жұмыстарына баға береді. 1954 жылғы 7 желтоқсанда өткен ҚазКСР Ғылым академиясы Төралқасының мәжілісінде КСРО ҒА-нан келген комиссия төрағасы Агошковтың жасаған қорытынды тұжырымдамасы да осы пікірді толықтай дәлелдейді. Және де республика ғылымы негізінен бір жақты дамып отырғандығын, яғни геология саласына баса назар аударылып келгендігін, көптеген институттарда ғылым докторларының өте аздығы не болмаса мүлдем жоқтығы, сондай-ақ философия мен шет тілдері кафедраларының осы күнге дейін ашылмағандығын көрсетті. Аталған кемшіліктер туралы КСРО Ғылым академиясының ғылыми қызметті үйлестіру жөніндегі кеңесінің XIV сессиясында да сынға алынғандықтан, Қазақстан ғылымында орын алған олқылықтар мен кемшіліктерді түзету үшін нақтылы шаралар жүргізіле бастады. Ең алдымен ұлттық ғылыми кадрларды даярлау ісіне баса назар аударылды. Ғылым академиясына қатысты мына бір жағдайды да назардан тыс қалдырмауымыз керек. 1954 жылы республика басшылығынан Ғылым академиясының құрамын нығайту мақсатында академиктер мен корреспондент-мүшелердің қосымша сайлауын өткізуге қолдау табуы үлкен жеңістің бірі еді. Сөйтіп, 1954 жылғы 30 қарашада өткен Қазақ КСР Ғылым



академиясының Жалпы жиналысының сессиясында сайлау өткізіледі де, нәтижесінде 13 толық (академик) және 17 корреспондент-мүше сайланады [5].

Осылайша, Қазақстан ғылымы ел экономикасы мен мәдениетін өркендетуде жаңа бағыттарға бет алды. Ғылыми мекемелер тізімі жаңадан ашылған институттар мен лабораториялардың есебінен ұлғая түсті, ал республика Ғылым академиясы ірі ғылыми орталыққа айналды. Міне осындай атқарылған игі істерді ұлт перзентінің – Д.Қонаевтың отандық ғылымға деген үлкен сүйіспеншілігі мен қамқорлығының ғана көрінісі емес, сол ғылымның жаңа биікке көтерілуіне сіңірген сара еңбегі деп бағалаймыз.

Республика ғылымын дамытуға қосқан үлесін бағамдауда академик Б.А.Төлепбаевтың пайымдауына жүгінсек: «Д.А.Қонаев ірі ғалым, әрі ғылымды білікті ұйымдастырушы ретінде Қазақстанның Ғылым Академиясының гүлденуіне көп еңбек етті. Оның басшылығымен ғылыми күштер мен материалдық ресурстар шоғырланған республика өндірістік күштерінің дамуының кешенді мәселелерін шешуде, сонымен қатар ұлт мәдениетінің көтерілуінде ғылыми мекемелердің жұмысы жандана түсті».[6]

Ұлт тарихын зерделеуде кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихымыз бен оны жасаушы тұлғалар туралы, олардың артында қалған мұрасы мен келелі ой-тұжырымдарын зерттеп-жеткізу, ұлт перзенттерін ұлықтау абыройлы парыз. Қазақ зиялы қауымының өкілдері біздің қоғамымызда шоқ жұлдыздай жарық шоғырын құрайды. Аты аңызға айналған тұлға Дінмұхаммед Ахметұлының өмірден өтсе де оның еңбектері бүгінде халық игіліне қызмет етіп отыр. Қазақстан тарихында есімі алтын әріптермен жазылған Дінмұхаммед Ахметұлы қазақ елінің дамып, көркеюіне сүбелі үлес қосып, халық есінде кеменгер тұлға ретінде мәңгілікке сақталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.С.Әбдірайымұлы «Елу жыл ел ағасы» «Санат», Алматы, 2002 жыл
3. Х.Ерғалиев «Тұғыры биік тұлға» «Егемен Қазақстан» 12.І.2002 жыл
4. Ғ.Мәулетов «Бекзат болмыс» «Егемен Қазақстан» 25.ІІ.2009 жыл
5. Б.Қасенов «Ел қастерлеген есім» «Егемен Қазқатан» 12.І.2000 жыл
- 6.Төлепбаев Б., Төлепбаева К. Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев – аса көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткер.– Алматы: «Елтаным баспасы». – 2011жыл



ШУША – КУЛЬТУРНЫЙ ЦЕНТР АЗЕРБАЙДЖАНА

Фидан Ахмед кызы Талыблы

Докторант Бакинского Государственного Университета
Баку, Азербайджан

***Аннотация:** В данной статье рассматривается история города Шуша, ее оккупация и освобождение от армянских войск. В статье подробно освещаются культурные центры Шуши. А также отмечаются великие личности культуры и искусства.*

***Ключевые слова:** Шуша, культура, история.*

Шуша, бывшая столица Карабахского ханства, – это изумительная жемчужина неповторимой красоты в горах Малого Кавказа. Но она славится не только чудесными природными пейзажами. Это и культурная столица Азербайджана с богатейшим литературным и музыкальным наследием, уникальными традициями ковроткачества, историей, уходящей вглубь веков, и родина многих знаменитых азербайджанцев.

Шуша была основана в 1752 году карабахским правителем Панахали-ханом. В городе расположено большое количество исторических памятников Азербайджана. Именно здесь родились выдающиеся ученые и деятели культуры. Прекрасная Шуша, гордо возвышающаяся на горной вершине в Карабахе, – один из самых живописных уголков Азербайджана, колыбель национальной музыки и литературы и древний центр ковроткачества. А чарующая природа края не уступает по красоте и разнообразию богатому историческому наследию города. Среди других исторических достопримечательностей города – красивые старинные мечети. Самыми знаменитыми являются мечети Юхары (верхняя) Говхар-ага и Ашагы (нижняя) Говхар-ага, названные так по месту расположения. Сотканые в историческом центре азербайджанского ковроткачества, раритетные ковры из Шуши – большие, красивые, со сложным орнаментом и яркими красками, впитавшими в себя роскошь природы Карабаха, – прославились далеко за пределами края. Не случайно именно здесь был открыт Музей ковра, посвященный уникальной карабахской школе ковроделия и существовавший до оккупации города в 1992 году. Литература всегда была и остается значительной частью культурного наследия региона. Один из самых почитаемых среди многочисленных выдающихся мастеров пера из Шуши – Молла Панах Вагиф (1717–1797 гг.). Он был великим поэтом, основоположником реализма в азербайджанской поэзии и первым визирем карабахского ханства. [1]

Многие азербайджанцы, оставившие заметный след в истории и культуре страны, были уроженцами города. Хуршидбану Натаван, дочь последнего правителя Карабахского ханства Мехтигулу хана, чтут не только как автора проникновенных стихов и талантливую художницу. Она много занималась благотворительностью и социальными проектами. На ее средства в Шуше был построен первый водопровод, обеспечивший горожан чистой водой и действующий до сих пор. Шуша подарила миру многих знаменитых музыкантов, за что ее называют «консерваторией Кавказа». Среди них особое место занимают великий Узеир Гаджибеков, основоположник профессиональной азербайджанской музыки, и прославленный оперный певец Муртуза Рза оглу Мамедов, больше известный под именем Бюльбюль («соловей»).

В ущелье Дашалты головокружительной красоты возле одноименной реки к югу от города есть водопад, от одного вида которого захватывает дух. По форме он напоминает зонтик («четыре»), отсюда и название: водопад Четыр. Каскады воды, падающие на



заросшую мхом пещеру, создают завораживающий пейзаж, и это место давно стало излюбленным уголком отдыха шушинцев и гостей города.

Красоту природы Шуши, которая восхищает с первого взгляда, трудно передать словами, а попав на Джыдыр дюзю к югу от города, нельзя не проникнуться ее волшебным очарованием. С грандиозного плато открывается ошеломляющий вид на долину реки Дашалты и величественные горы Малого Кавказа. С древних времен оно было местом церемоний, народных гуляний и состязаний: например, празднования Новруза или увлекательной игры в човган (разновидность конного поло). После окончания войны, в мае 2021 года, на Джыдыр Дюзю вновь состоялся музыкальный фестиваль «Хары бюльбюль», собравший лучших исполнителей со всей страны. Свое название фестиваль получил в честь редчайшего цветка, растущего здесь и ставшего символом Шуши и Карабаха. А в будущем на плато пройдет еще немало интересных мероприятий.

Благодаря своему историко-культурному богатству и природным красотам Шуша считается городом-символом Азербайджана. Шушу также называют колыбелью азербайджанской культуры и музыки.

Покойный президент Гейдар Алиев называл этот город «великим памятником азербайджанского народа». «Шуша - заветный город, крепость - памятник для всех азербайджанцев» - подчеркивал общенациональный лидер азербайджанского народа. [2]

Следует отметить историю развития и роль в политической и культурной жизни Азербайджана этого древнего города с точки зрения культурного наследия. Также город является консерваторией и культурным центром Южного Кавказа.

Шуша – символ истории и культуры Азербайджана, стратегически важный пункт на пути в Ханкенди, крупнейший город нагорно-карабахского региона республики.

В начала 90-ых годов прошлого столетия Шуша стала одной из основных целей оккупационной политики Армении. Заручившись поддержкой русских, армяне оккупировали в 1991 году Ханкенди, а 26 февраля 1992 года - Ходжалы. В результате резни в Ходжалы были убиты 613 мирных жителей, в том числе женщины и дети. [3]

8 мая 1992 года была оккупирована Шуша. Впоследствии армяне оккупировали прилегающие к Нагорному Карабаху районы Азербайджана.

Таким образом, под армянской оккупацией оказались 20 процентов азербайджанских земель, более миллиона человек превратились в беженцев и вынужденных переселенцев. В боях за Шушу погибли сотни азербайджанцев, многие попали в плен или пропали без вести. Оккупация нанесла большой урон экономике Азербайджана. Тысячи людей были вынуждены покинуть свою землю. Было уничтожено более 300 исторических культурных памятников. После оккупации армяне поселились в Шуше, где до оккупации проживало более 20 тысяч азербайджанцев. [4]

Коренные жители Шуши, которые на протяжении 28 лет пришлось жить в других регионах Азербайджана вдали от родных домов, вернулись в родные дома. И все это - благодаря успешной контр наступательной операции азербайджанской армии под руководством президента Ильхама Алиева. 8 мая в Армении отмечали как праздник, а в Азербайджане эту дату на протяжении 28 лет вспоминали как трагический день.

И, наконец, 8 ноября 2020 года президент Азербайджана Ильхам Алиев объявил историческую новость - жемчужина Карабаха очищена от подразделений ВС Армении.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. <https://www.aa.com.tr/ru/>
2. <https://azerbaijan.travel/poezdka-v-shushu>
3. <https://meclis.gov.az/news.php?id=259&lang=ru>
4. <https://1905.az/ru/>



САЯСИ ҚУҒЫН СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ САНАТТАРЫНЫҢ АЛУАНДЫҒЫ.

Данабекова Динара Ибадильдаевна

М.Х. Дулатиатындағы Тараз өңірлік университетінің
тарих-география кафедрасының оқытушысы
Тараз, Қазақстан

***Аннотация:** Бұл мақалада кеңестік билік жергілікті тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға тап жаулары, ұлтшылдар, жат пікірдегілер деген жаламен теріс көзқарас қалыптастырғандығы жайлы жазылған.*

***Тірек сөздер:** қуғын-сүргін, ұлттық автономия, контрреволюция, ашаршылық, интеллигенция.*

Кеңес өкіметі ұлттық ерекшеліктер мен жергілікті халықтың мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономияны "таптық жау", "ұлтшыл", "шетелдіктер", "әлеуметтік қауіпті элементтер" ретінде құру идеясын жақтаушыларға жала жапты және оларға және халыққа теріс көзқарасқа ықпал етті. Филипп Исаевич Голощекиннің 1925 жылдың қыркүйегінде Қазақстанға басшылық қызметке келуі елдегі жағдайды нашарлатты. Ол Қазақстан кеңестік өзгерістерден артта қалды деп есептеді және сол жерде "Кіші Қазан" революциясын өткізу саясатын ұстанды. Ол жүргізген саясат ұлттық зиялы қауымды жаппай қуып жіберуге айналды. Голощекин оған қарсы шыққандарды қызметінен алып тастай бастады, оларды республикадан шығарып, жойып жіберді.

Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдың ортасынан Алаш қозғалысына қатысқан Алаш қозғалысының мүшелері мен қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды. Сонымен қатар молдалар мен діндарларды «басқаша, бөтенойлайтындар» деп айыптады [1].

31 мамыр – Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі - жаппай саяси қуғын-сүргін және миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан ашаршылық. 1997 жылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен 31-мамыр саяси репрессия құрбандарын еске алу күні болып белгіленді.

Қазақ халқы қуғын-сүргін кесірінен жазықсыздан жазықсыз, жапа шеккен қайраткерлердің есімдерін еске алу, олардың рухтарына құрмет көрсетуді әр уақытта да есінен шығарған емес. Сол себепті ұлы қайраткерлерімізді еске алу мақсатында тарихтан тағылым алып, құрбан болған тұлғаларды еске алу күнін белгілеген болатын.

Өткен ғасырда сталиндік репрессия салдарынан қазақтың 70 мыңға жуық көзі ашық, зиялы қауымы жазықсыз атылып кетті. Бұдан бөлек 100 мыңдаған адам қамалып, айдауға түсіп, Сібірге жер аударылды. Кеңес Одағының солақай саясаты бойынша, отарланған ұлттың бас көтере алмай, құлақкесті құл болуы үшін, көзі ашық, саналы азаматтарының барлығы да қуғынға түскен. Бүгінде репрессия құрбандарының басым көпшілігі ақталғанымен, жан жарасы жазыла қойған жоқ және жазылмақ та емес. Саяси қуғын-сүргін құрбандары ішінде Алаштың арыстары атанған Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы сынды бабаларымыз бар.



Отандық тарихтағы ең қатал және жаппай кісі өлтіру нәтижесінде қазақ интеллигенциясының бетке ұстарлары: А.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, О.Жандосов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, С.Асфендияров құртылған. Қазақстанда саяси қуғын-сүргін 40 және 50-жылдары да жалғасты, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, А.Жұбанов, Е.Бекмаханов және басқалар соның құрбандары болды. Басқаша ойлау тоқырау жылдарында да қатаң қуғындалды сол кезеңнің шарықтау шегі көтеріліске шыққан жастарды аяусыз басуға, қатысушылар мен жанашырларын жаппай ату мен қуғын-сүргіндеуге айналған 1986 жылдың қанды желтоқсаны болды.

20-жж. екінші жартысында Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі күрт өзгерді. 1925 ж. желтоқсанда өткен өлкелік партия комитетінің V конференциясының «Ауылды кеңестендіру» туралы шешімі тап күресінің шұғыл шиеленісуне түрткі болды. Республикада «Кіші Қазан» төңкерісін өткізу үшін идеологиялық негіз жасалды, бұл күшпен ұжымдастыру және 1937-1938 жж. жаппай жазалаудәуірінде қазақ халқын құлақ есітпеген қайғы - қасіретке ұшыратты.

Ұлттар мен ұлтшыл-уклонистер туралы айқай-шуды ұшықтыруға және жергілікті кадрларды қудалауға Н. И. Ежов аз «үлес» қосқан жоқ. Ол Марий обкомынан БК(б)П Семей губкомының секретары қызметіне жіберілді, ал мұнан кейін өлкелік партия комитеті ұйымдастыру-нұсқаушылық бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Осымен бірге Қазақстанды голощекинлік-сталиндік үлгі бойынша «қайта құрумен» келіспеген көрнекті жауапты қызметкерлердің қарсылығы жанышталды. 1927-1929 жж. әртүрлі сылтаулармен көрнекті мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, Н. Нұрмақов, С. Кованов, М. Мырзағалиев республикадан аластатылды. Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ж. Мыңбаев, ағарту халық комиссары С. Садуақасов, Жер халық комиссары Ж. Султанбеков және басқалар қызметінен алынды. Қазақ қызметкерлерінің көпшілік бөлігі топқа бөлініп, жікшілдік күреске қатысқан деп кінәланды. Оған 1927 ж. қарашада өткен 3-өлкелік партия конференциясының қарарлары айқын куә. БК (б)П. Орталық бакылау комиссиясы негізгі «топка бөлінушілердің» бірі С. Садуақасовтың ісімен арнайы шұғыданғанына қарамай, мұндай топтардың барекенін таба алмады. И. В. Сталинге, В. М. Молотовқа, Л. М. Кагановичке жазған хатында Н. И. Ежов барлық қазақ кадрлары, барлық қазақ коммунистері ұлтшылдықпен және жікшілдік күреспен уланған, олардың арасында дені сау партиялық күш жоқ деп жеткізді». Болашақ КСРО Ішкі істер халық комиссары Мәскеуге ауысар алдында өзінің лауазымына осылай «даярланды», 1937ж. жаппай жазалау соның жанталасуымен жүргізілді.

20-жж. ақырында жағдайды ұшықтыру мен күдікшілдік жаппай сипат алды. Орталықта троцкишіл-зиновьевшіл оппозициямен және «оңшыл оппортунистермен» күрестің күшею ұлт республикаларында ұлт-азаттық қозғалысының өкілдерін жазалау түрінде көрініс тауып жатты. 1928 ж. ақырында «буржуазияшыл ұлтшылдар» деп аталғандардың - бұрынғы Алашорда қайраткерлерінің ішінен 44 адам жалған айып тағылып, қамауға алынды. Олардың ішінде А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Ғаббасов және басқалар бар еді. Құрамында М.Тынышпаев, Х.Досмухаметов, Ж. Досмухамбетов, Ж. Ақпаев, К. Кемеңгеров және басқалары бар ұлттық интеллигенцияның (40 адамдай) басқатобы 1930 ж. қыркүйек-қазанда қамауға алынды. Кешікпей олардың ішінен 15 адам (М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, Х. Досмухамбетов, Ж. Досмухамбетов, К. Кемеңгеров және басқалар) Ресейдің Орталық қаратопырақты облысына жер аударылды. Бұлардың бәрі дерлік 1937-1938 жж. жазаланды [2].



Саяси қуғын-сүргін биліктің халыққа жасаған қиянаты еді. 1937 жылдары шығып тұрған газеттерде күзде егінді орып болғаннан кейін қалған масақты тергені үшін сотталып, тіпті халық жауы аталып, атылған адамдар туралы ақпарат бар. Мысалы «Еңбекші қазақ» газетінде Қызыл тақта және Қара тақта деген айдарлар болды. Осы екі айдардың аясында қызыл тақтаға қуғын-сүргін, ашаршылыққа қарамастан шолақ белсенділік танытып жүрген мекемелер, ұйымдар, колхоз-совхоздардың басшылары туралы мақтау-мадақтау материалдары болатын болса, қара тақтада масақ теріпхалық жауы атанған қарапайым, кінәсіз адамдардың есімі тізімге ілінді. Қара тақтаға ілінгендер күні ертең ату жазасына кесіліп отырды. Саяси қуғын-сүргін жан-жақты зерттелгенімен, мұнда тіпті бұл оқиғаларға кінәлі адамдардың аты ашық, анық айтылмайды. Тәуелсіздікке дейін, тәуелсіздіктен кейін шыққан кітаптар болсын, оларда көптеген саяси, тарихи қателер бар. Мысалға ала кетсек «Қазақстан тарихы» оқулықтарымызда репрессия тақырыбында тек біржақты мәліметтер берілген. Көп жағдайда тарихшыларымыздың өзі сол уақыттарда болған нақты цифрларды бізге ұсына алмайды. Бірі 2 миллион қазақ қырылды десе, бірі 4 миллион дейді. Ал басқалары ашаршылық пен қуғын-сүргіннен 10 миллионға жуық қазақ қырылды дейді. Қазақ даласындағы аштық, репрессия — бұлардың барлығы, менің түсінігімде, отарлау саясаты механизмдерінің бірі. Революцияға дейінгі аштық, қуғын-сүргін — патшаның отарлау саясатының жоспарлы түрдегі механизмі болатын болса, 30-жылдардағы репрессия, ашаршылық оқиғалары кеңестік жүйедегі отарлау саясатының механизмі деп айтар едім. Оның бәрі қолдан жасалған оқиғалар деп түсінемін.

ПАЙДАЛЫНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ:(елтанымдық және тілтанымдық жинақ).
Құрастырған Е.Е.Тілешов, Г.П.Әріпбек. Астана:"Руханият", 2010ж - 264 бет.ISBN 978-601-80133-1-7
- 2.Қазақстан тарихы очерктер Редакторлар:АлдажұмановҚ.С.БалақаевТ.Б.,Қозыбаев М.Қ.,Нұрпейісов К.Н.ISBN 5-86228-066-9
3. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы, 1992.
4. Назарбаев Н. Әділеттің ақ жолы. Алматы, 1991.



FTAMP 03.20.00

ЖӘДИДШІЛДІК ИДЕЯСЫ МЕН ОНЫҢ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНА ӘСЕРІ

М. Донбаева,¹ С. Билалов²

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, магистрант

² Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
«Археология және этнография» ғылыми орталығының жетекшісі
Қызылорда, Қазақстан

Аннотация. Мақалада жәдидшілдік сияқты ағымның пайда болуы мен дамуы мәселелері қарастырылған. Жәдидшілдік патшалық Ресейдің бүкіл түркі тілдес халықтарын ағарту және біріктіру құралына айналады. Сондай-ақ Түркістан өлкесінде жәдидтік қозғалыстың туу себептерін анықтау әрекеті жүргізіледі. Мақалада мәселенің тарихнамасына қысқаша талдау жасалып, жәдидшілдік мәселесіне қатысты кеңестік кезеңдегі еңбектер мен заманауи зерттеулер қарастырылып, қысқаша талданады. Жәдидшілдік феноменіндегі маңызды жайттардың бірі бұл ағымның ұстанымдарының бүгінгі күнде де аса өзекті болуы деп білеміз.

Тірек сөздер: Жәдидшілдік, қазақ зиялылары, жаңа әдіс мектептері, Алаш партиясы, «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті.

Кіріспе

Рухани жаңғыру мен отан тарихындағы ақтаңдақ беттерінің шынайы бейнесін қалпына келтіру мәселесі бүгінгі тарих ғылымында бұрынғыдан әлдеқайда өзекті болып отыр. Ұзақ уақыт бойы аса құпия айдарымен көмкерулі болған тарихымыздың көптеген беттері бүгінгі таңда ашыла түсуде. Дегенмен, бұл мәселелердің көпшілігінде зерттеулер жетіспейді немесе олар біржақты көзқараспен зерттелген. Отан тарихындағы осындай «ақтаңдақтар» қатарына «жәдидшілдік» ағымын жатқызуға болады. Жәдидтік қозғалыс алғашында ХХ ғ. басында әлеуметтік-мәдени қозғалыс ретінде пайда болғанымен, кейін 1905-1907 жж. Ресейдегі оқиғалар бұл қозғалысты қоғамды басқаруға қабілетті қуатты саяси күшке айналдырды.

Патшалық ресей, одан кейін большевиктік үкімет жүргізген саясат қазақ халқының көптеген әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін ұмыт қалдырды. Осы арада қазақ тілі ерекше қиын жағдайда қалып, орыстандыру саясатын жүргізген үкімет, оны ұмыттыруға жан-жақты тырысты. Ал Кеңес заманында ұлы Абай мен Ыбырайдың тілінде сөйлеген адам орыс тілді халықтың күлкісіне айналды. Өкінішке орай, аталған құбылыстың жаңғырығы қазіргі Қазақстан тұрғындары арасындағы үлкендердің де, жастардың да аузынан жиі естіледі.

ХІХ ғ. патша үкіметі жүргізген қазақ жеріндегі ағарту саясатының жергілікті халыққа пайдасынан зияны көп болып, қазақ халқының мүмкіндігін шектеді. Шын мәнінде олар қазақ даласына қоныс аударған орыс халқына ғана қолайлы болды. Осылайша, қазақтың алдына білім алу жолын таңдауда: оқу мен жазуды үйренгің келсе, орыс тілін үйрен деген бір ғана жол болды. Патшалық Ресей жергілікті ұлттарды (қазақ, татар, өзбек, тәжік, қырғыз, т. б.) күштеп «орыстандыру» саясатын жүргізгені бүгінде ешкімге де жасырын емес. Сайып келгенде, «бұратана» атанған халықтардың саяси, экономикалық және мәдени дамуына қасақана кедергі жасалып, ана тілінде зайырлы мектептер ашуға тыйым салынды. Мұсылман халықтардың ана тілінде оқулықтар, әдебиеттер, мерзімді басылымдар шығаруына тыйым салып отырды.



Ислам діні де ескерілмей, ұмыт қалып, Патша үкіметі тұсында тіпті мұсылман халықтарын шоқындыруға тырысты (Нұрғалиева, 2007), кеңестік дәуір саясаты кез келген дінге тыйым салды. Салынған тыйымдар адамдардың ұлттық санасын жойған жоқ, керісінше, зиялы қауымның пайда болуына, өсуіне ықпал етті. Аталған зиялы қауым өкілдері патша озбырлығына, кейін большевизмге қарсы мүмкіндігінше күресті. Жәдидшілдік те дәл осындай күш болды, оның негізгі идеясы мұсылмандық білім жүйесін жаңғырту – модернизациялау болды.

Мұсылмандық білім беру жүйесіндегі реформаторлық қозғалыстың бастауында Жамал ад-дин әл-Ауғани (1839-1897) және Мұхаммед Абдо (1849-1905) есімдерін атауға болады. (Калимуллин, 2011: 15-18). Олар барлық мұсылман халықтарын ислам идеологиясы аясында біріктіруді қажет деп санады. Аталған ағартушылардың пікірінше, дәстүрлі түрде ислам діні мұсылман халықтарының прогрессивті дамуында өзінің тарихи рөлін атқара алмайтынын, сондықтан ол ислам ілімдері мен философиясының ережелерін заманауи өмір шындығына қарай бейімдеп, реформалау қажеттігін алға тартты (Калимуллин, 2011: 15-18). Бұл идеяларды басқа реформаторлар да қабылдап, одан әрі дамытты. Мұсылмандық білім беру жүйесіндегі нағыз серпіліс – татар ағартушысы және қоғам қайраткері Исмаил Гаспринский негізін қалаған жаңа оқыту әдісі – «жәдидшілдіктің» қолданылуы болды (Гафаров, 2001).

Қолданылған деректер мен әдістер

Мақалада көтерілетін мәселелерді шешудің әдіснамалық негізіне – бүгінгі күнге дейін жәдидшілдік туралы жинақталған мәліметтер талдап, синтездеу әдістері қолданды. Аталған әдістер тақырыптың кейбір қырларының зерттелу дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді. Ғылыми ізденістер барысында зерттеудің антропологиялық (тұлға тану) әдісі бірнеше рет қолданылды, бұл әдіс көптеген тарихи тұлғалардың Қазақстандағы жәдидшілдік ағымы дамуында алатын орны мен рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Қарастырылатын құбылыстың қазіргі таңда маңызы мен мәнін анықтауға мүмкіндік беретін зерттеуді өзектілендіру әдісі де (өткен тарихи тәжірибені есепке алып, оның негізінде мүмкін болатын оқиғалар дамуын болжауға мүмкіндік беретін әдіс) кеңінен қолданылды.

«Жәдидшілдік» сөзі араб тілінде «жаңа» деген мағынаны білдіреді (БСЭ, 1996-1978). Бұл термин ХІХ ғ. аяғында пайда болып, ХХ ғ. кеңінен тарайды. Терминді алғаш қолданып, пайдаланған И.Гаспринский. Ол мұсылман мектептеріне балаларды оқытудың «усул-и джидиде» – «жаңа әдіс» деп аталатын жаңа бағдарламаны енгізуді жақтайды. И.Гаспринскийдің пікірінше, мұсылман мектептері – медреселерде балалар тек қана схоластикалық оқумен шектеліп, жеті-сегіз жыл бойы жерде отырып Құранды өздеріне бейтаныс араб тілінде оқып, үйренеді (Черновая, 2016: 13). Сондықтан ол білім берудің бұл жүйесін түбегейлі өзгертуді ұсынады. Кейін «жаңа әдісті мектептер» деген ұғым пайда болды. Мұндай мектептерде балаларды ана тілінде және батыс педагогикасының негіздерімен оқыту ұсынылды. Реформалар тек оқыту әдістеріне ғана емес, пәндердің мазмұнына да қатысты болуы керек еді. Ол бойынша бірқатар зайырлы пәндер енгізілуі тиіс еді, мысалы: арифметика, жаратылыстану, орыс тілі және кейбір басқа шет тілдері. И.Гаспринскийдің «жаңа әдісі» оқушылардың мұғалімді тыңдай отырып, есте сақтау және үйренуі керек нәрселердің барлығын жақсы түсінуін қамтамасыз етуге бағытталды және балалар тек ана тілін түсінетіндіктен, мектептер ұлттық тілдер мен мәдениеттердің дамуына негіз болды. Жаңа әдістеменің басты артықшылығы оқушылар жүргізілетін пәндердің мазмұнын меңгеріп, білім беру жүйесінде түркі тілдерін белсенді қолдануы болды. «Жаңа әдісті» мектептерде діни (Құран оқып үйрену) және зайырлы білім арасында теңгерімділік болуы керек еді. Бұл Патшалық Ресейдің түрлі аймақтарында мұсылман зиялыларының жаңа формациясының қалыптасуының алғы шарты болды. Сондықтан «жаңа әдіс» («usul-i ceded») атауынан кеңірек мағынаға ие «жәдидшілік» ұғымының өркендеуі кездейсоқ емес.



Бұл Патшалық Ресей мұсылмандарын әлемдік прогресс жетістіктерімен таныстыруға бағытталған жаңа қоғамдық қозғалыс тууына алып келді (Черновая, 2016: 14-15).

1883 ж. И.Гаспринский Бақшасарайда бірінші жаңа әдісті мектебін ашады. Кейіннен мұндай мектептердің саны Патшалық Ресейдің көптеген аймақтарында ашылады. Жәдид бағытындағы мектептерді қазақтың бірнеше белгілі адамдары бітіріп, олар сол заманда қазақ балаларын оқытумен айналысты. Осындай ағартушылар қатарында Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген Мағжан Жұмабаев, Нұғман Манаев, Манан Тұрғанбаев, Мұстакім Малдыбаевтарды атауға болады. Медреседе мұсылманша білім алып, жәдидтік ілім негізінде өзін-өзі дамытумен айналысқан ағартушылар: Жиенғали Тілепбергенев, Сәбит Дөнентаевтар көп ұзамай «Алаш» партиясы идеяларының жақтастары болды.

Мектептердің ашылуымен бірге И.Гаспринский «Тәрджиман» («Аудармашы») газетінің негізін қалайды. Басылым 20 жылға жуық жарыққа шығып отырды. Газетті шығарудағы негізгі мақсат – бүкіл түркі тілдес халықтардың ағартушылық ісіне ықпал ету болатын. Газет шығару үшін баспахана ашуға орыс шенеуніктерінен рұқсат алу кезінде, И.Гаспринский газет – ұлттың бет-бейнесі, баспасөзі мен әдебиеті жоқ ұлт – мылқау адам сияқты деп түсініктеме беріп отырды (Абдирашитов, 2011: 12). Ол газеттің алғашқы беттерінде: «Алланың атымен іске кірісіп, ақиқат пен ағартушылыққа қызмет ету үшін қолымызға қалам алдық...» (Черновая, 2016: 15) деп жазды. «Тәрджиманның» жаңалықтары тек татарлардың өміріндегі оқиғаларды ғана емес, сонымен қатар басқа да Ресей мұсылмандары тіршілігіне қатысты болды. Мысалы, газеттің 1905 ж. 22 ақпанындағы №14 санында: «Ташкент мұғалімдер семинариясына 25 жыл; Осы жылдар ішінде жергілікті тұрғындардан 51 қазақ, 9 сарт, 3 татар, 1 түрікмен бітірді» – деп көрсетеді. (Абдирашидов, 2011: 152). Газеттің 1905 ж. 12 қазанындағы № 81 санында мынадай деректер келтірілген: «Жетісу облысының мұсылман халқы. 1904 жылы өлке халқының жалпы саны 1 миллион 59 мың, көпшілігі мұсылмандар, қазақтар 529 500, қырғыздар 300 000, дүнгендер 17 000, сарт 19 000 және татарлар 9 000 болды» – деп айтылған (Абдирашидов, 2011: 156). Газетте сонымен қатар қазақтар туралы саяси оқиғалар да жиі жазылды, мысалы: 1910 ж. 16 сәуір №16 санында «Дума 8 сәуірде Түркістанға қоныстандыру жобасын қарады; Дума тек орыстардың мүддесін көздеп, қазақтың мүддесі ескерілмейді» – делінген (Абдирашидов, 2011: 179).

И.Гаспринскийдің идеялары қоғам өмірінің барлық салаларында реформалар жүргізу қажеттігін жақтаған прогрессивті зиялы қауым арасында тарала бастайды. Жаңа әдісті мектептер үлгісі бойынша оқу орындарын ашуды басқа да көптеген мұсылман елдері қолға ала бастады. Түркі тілдес интеллигенцияның көптеген өкілдері, жәдидшілдікті Патшалық Ресей мұсылман халықтарының күрделі қоғамдық-саяси өмірінде тығырықтан шығудың бірден-бір жолы деп есептеді. Оның маңызы мектеп реформасынан да асып түсті. Негізінде, күрес мұсылмандардың қоғамдық-саяси және діни өміріндегі модернизация үшін болды.

Жәдидшілдер саны Қырымда, Еділ бойында, Оралда, бүкіл Орта Азияда өсті. Мерзімді басылымдардың – газет-журналдардың ауқымы кеңейіп, жәдидшілдік идеялары бар кітаптар пайда бола бастайды (Гафаров, 2001)

Жәдидшілдік Орта Азия мен Қазақстанға XX ғ. басында Ресейдегі 1905 ж. революцияның күшті әсерінен еніп кетті. Бұл аймақта жәдидшілдіктің тез таралуына XX ғ. екінші жартысында белгілі бір негіз дайындалды. Өңірде жұмыс жасаған түрлі ойшылдардың, философтардың, педагогтарының қызметі мен еңбектерінің нәтижесі болатын.

Бастапқыда Қазақстандағы жәдидтік қозғалыс мәдени сипатта болды. Бірте-бірте орыс-қазақ мектептері, сонымен қатар жаңа әдісті мектептер ашыла бастады. Алдымен Қостанайда, Петропавлда, Ақмолада, Оралда, Верныйда, Семейде, Перовскіде, Қопалда



мектептер ашыла бастайды (Асфендияров, 1936: 40-51). Қазақ ағартушылары халық арасына білім негіздерін, орыс және еуропалық мәдениеттерді таратып, қазақтардың тұрмыс-тіршілігін өзгертуге, жалпақ тілмен айтқанда, патриархалдық негізде сіресіп қалған надандық бұғауынан шығаруға тырысты.

Қазақ балаларына дүниелік (зайырлы) білім берудің бастауында қазақ хандарының соңғысы Жәңгір ханның тұрғанын айтып өткеніміз дұрыс. Қысқа ғұмырындағы басты ісі – халқына білім беру болды. Алғашқы мектепті ол 1841 ж. ашқан (Қаз. энцикл., 2004: Т2, 292). Мектепті ашып оны қаржыландыру шығындарын Жәңгір хан толықтай өз мойнына алып, әрі Жәңгір ханның өзі мектепте сабақ берді. Әрине, Жәңгір хан мектебі өз мәні бойынша И. Гаспринскийдің жаңа әдісті мектебі емес еді. Алайда, соған қарамастан, мұнда оқыған қазақ балаларының алғашқы білімін ауыл молдаларынан алғаны және ислам дінін бұрыннан меңгергендіктен, оны зайырлы біліммен симбиозда, дін негіздері мен дүниелік білімдер оқушылар санасында жәдидтік ойлау типіп қалыптастырды. Осыдан келе Жәңгір хан мектебін 1844 ж. бітіргендердің бірі ХІХ ғ. аяғында өмір сүрген қазақ ағартушысы, қоғам және саяси қайраткер, Мұхамбет-Салық Бабажанов Қазақстандағы жәдидтік идеяларды жүргізген ағартушылар арасында алғашқылардың бірі болды (Қаз. энцикл. 2004: Т 1, 324-325).

Қазақ халқының ағарту ісінде Шоқан Уәлихановтың қызметі ерекше орын алады – Ф.М.Достоевский оны «толық еуропалық жолмен білім алған – бірінші қырғыз (қазақ)» деп көрсеткен (Кенемолдин, 2016). Ш.Уәлихановты қазақ қоғамының одан әрі тарихи дамуының қандай жолмен жүруі керектігіне алаңдатты. Қазақ халқының экономикалық, саяси және мәдени өрлеу жолын ол ағартушылық пен білім алудан көреді. Оның барлық ғылым жолындағы әрекеті ағартушылық сипатта болды. Ш.Уәлиханов өз халқын тезірек дамыған елдердің қатарына қосу үшін Ресей мен Қазақстанның өзара жақындасуының тарихи қажеттілігін терең де шынайы түсіне білді. Ш.Уәлиханов патшалық отаршылдық пен жергілікті билікке, қазақ даласындағы бюрократиялық озбырлыққа, заңсыздыққа табанды түрде қарсы шықты.

Сонымен қатар ұлы ойшыл, философ Абай Құнанбаевтың рөлі орасан зор. Еуропа және орыс халықтарының мәдениеті мен шығармашылығын жақсы білетін ағартушы, қазақтардың еуропалық мәдениетпен жақындасуын, білім мен мәдениеттің исламның ағартушылық рухында дамып, надандық пен зұлымдықтан арылуды насихаттайды. Абай Құнанбаев өз шығармалары арқылы халқына еуропалық және орыс мәдениетінің таралуына үлес қосты.

Абайдың жәдидтік ағымдағы идеяларын оның шәкірттері жалғастырды, зерттеушілер олардың арасынан ағартушы, ақын, аудармашы, Абайдың дарынды шәкірттерінің бірі Әріп Тәнбергеновті жиі атайды (Атишев 1979; Мұхамедханұлы, 1995). Абайдан тәлім алып, оның қазақ халқының тағдырына деген сезімін көрген Ә.Тәнбергеновтің өзі де қазақты ағарту идеясымен сусындады. Туған жерінің артта қалғанын аңғарып, ұстазы үнемі айтып жүретін білім жолына түсті. Ә.Тәнбергенов үйден балаларға мектеп ашып, мүмкіндігінше сауат ашу мен орыс тілін үйретті.

Жәдидшілдік идеяларының қалыптасу процесінде Қазақстандағы зайырлы білімнің негізін салушы ретінде Ыбырай Алтынсариннің рөлі зор. Ол жан-жақты білімді адам бола отырып, ауыл балаларының бойына зайырлы білімнің негіздерін сіңіруге тырысып, мектеп мұғалімі бола отырып, қазақ өлкесінде алғашқы мектептер ашып, оқу-ағарту іс-шараларының негізін қалады. Ы.Алтынсарин де өз халқының болашағын орыс мәдениеті және зайырлы біліммен танысуынан көрді. Бұл жолды еңсеру үшін, ағартушының ойынша, маңызды фактор ретінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін өзгертіп, көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа көшуде екенін аңғарады. (Бермұхамбетова, 2006: 14-18) Ы.Алтынсариннің халық ағарту ісін қазақ ақыны, аудармашы, педагог-ағартушы, халық



педагогикасының негізін салушы Бекет Өтетілеуов жалғастырды. Ол орта мектеп ашып, қазақ балаларына арнап бірнеше кітаптар жазып, орыс классиктерінің шығармаларын аударған (<https://kraeved-kst.kz/ru/gordost/o-regione/gordost-zemli-kostanaiskoi/utetleuov-beket.html/>).

Сондай-ақ Ы.Алтынсариннің білім жолын оның тікелей шәкірті Спандияр Көбеев жалғастырды. Ол бүкіл саналы ғұмырын кедей қазақ балаларын оқытуға, оларға орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беруге арнады. С.Көбеев өз еңбектерінде қазақтың патриархалдық өмірін, әйелдердің құқықтарының жоқтығын, кедейлердің езгісін айыптады (Қаз. энцикл., 2004: Т3, 241).

Қазақ зиялыларының көрнекті өкілі, ағартушы, әлеуметтік әділет жолындағы нағыз күрескер Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сіңірген еңбегі орасан. Оның бүкіл өмірінің басты мақсаты – қазақ халқын ағарту болды. Оның шығармалар сарынының басты мазмұны кедейшілікпен, әлеуметтік әділетсіздікпен, әйелдер құқығының жоқтығына қарсы күрестен, және т.б. тұрады.

XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы жәдидтік идеяларды дамытуда көрнекті қоғам қайраткері, ақын, ағартушы, ұстаз Мұхамеджан Сералин сияқты қазақ ағартушыларының сіңірген еңбегі де зор. Орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін қосымша білім алуға қаржылай мүмкіндігі болмаған М. Сералин ауылға оралып, ауыл балаларына мұғалім болып, өздігінен білім алуды жалғастырады. М.Сералин қазақ халқының болашағы білім алу мен зайырлы мәдениетпен танысуда, көшпелі өмірден отырықшылыққа көшуде екенін тамаша түсінді. Ол да қазақтар арасындағы кертартпалық пен надандықтан арылу үшін схоластикалық әдіспен оқытуға қарсы күресті. Өз көзқарастарын ол «Айқап» журналында жариялайды (<http://www.tarih-begalinka.kz/ru/history/revolution/figures/seralin/>).

Мерзімді басылымдарды, оның ішінде «Айқап» журналын шығару мәселесін алғаш рет белгілі қоғам қайраткері, заңгер – Жаһанша Сейдалин күн тәртібіне қойды. Сол кездегі зиялы қауым Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың және олардың ізбасарларының шығармашылық мұрасын халыққа жеткізудің бірден-бір көзі ретінде мерзімдік басылымдар шығару керек екенін алға тартты. Осы себепті 1906 ж. Ж.Сейдалин Орынборда қазақ тілінде газет шығару мәселесін көтереді (Бейсембиев, 1965: 10). Алайда, бай элитасының қарсылығы салдарынан «Айқап» журналы бес жылдан кейін ғана 1911 ж. ашылып, 1915 ж. дейін ғана қызмет етті.

XX ғ. басындағы жәдидтік идеялардың дамуы 1917 ж. құрылған Алаш партиясының қызметімен тікелей байланысты. Өткен ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси жағдайы және жәдидшілдік идеяларының таралуы елімізде «Алаш» қоғамдық-саяси қозғалысының қалыптасуына ықпал етті. Оның негізін салушылар зайырлы білімді, озық жәдидтік идеяларды бойына сіңірген, сонымен бірге, ислам рухында тәрбиеленген қазақ зиялылары болды. Елдің саяси өміріне белсене араласуы Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатовты Алаш қозғалысын партияға айналдыруға итермеледі. Ал «Ең бастысы, қазақтың саяси элитасы, жәдидшілдік негізінде құрылған ұлттық-демократиялық қозғалыс қазақ қоғамының саяси дамуы уақытында алға қойған міндеттерді шешуде зор қабілет көрсетті» (Касабекова, 2006: 78).

Көпшілікті тәрбиелеу, ұлттық сана сезімін тәрбиелеу, тарихи жадыны қалыптастыру, саясатқа деген қызығушылығын ояту үшін қазақ зиялылары «Қазақ» газетін құрады. Газетті құрудағы өзекті мәселе қазақ халқының тағдыры мен болашағы болды. Газеттің мақсаты қазақ халқының арасында үгіт-насихат жүргізу болды (Кан, 2011: 156).

Осылайша, XX ғ. басында жәдидшілдік идеялар жаңа деңгейге көтеріліп, барған сайын саяси мағынаға ие болды. Қазақ зиялыларының Нижний Новгородта (1905 ж.), Орынборда (1917 ж. шілде, желтоқсан) өткен саяси съездерге халық атынан қатысуы қазақ қоғамын саясиландырудың алғашқы қадамдары болды. Бүкілресейлік мұсылмандардың



бірінші съезі кезінде Ресейдің барлық азаматтарының тіліне, дініне, ұлтына, нәсіліне және жынысына қарамастан теңдігін сақтауды талап ететін қарар қабылданды. Бүкілресейлік мұсылмандар ұйымын («Иттифақ әл Муслимин») құру туралы шешім қабылданды, оның міндеті елдегі мұсылман қауымын үйлестіру болды (Кан, 2011: 178).

Талдаулар мен нәтижелер

Жәдидтік қозғалыс жоқ жерден құрыла қалған жоқ. Қозғалыс түркі халықтарының ағарту жолындағы, Түркістан өлкесіндегі мұсылман халқы бастан кешкен дағдарыстан шығу үшін білімді адамдар тарапынан жүргізген күресінің бір түрі еді. Қазақ даласында ағартушылық қозғалыс, жоғарыда атап өткеніміздей, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев ілімдеріне негізделді. Бұл халық ағартушылардың бірінші буыны, аса дарынды, бәрі де діни білімі бар, шығыс мәдениетін жетік меңгерген, сонымен бірге еуропалық тамаша білімге ие болған тұлғалар еді. Сондықтан болар, олардың ізбасарларының саны ХХ ғ. басында айтарлықтай өсті. Бұлар ағартушылықтан саясатқа дейін ілгері жүріп өткен алдыңғы буынның идеяларымен өскен дарынды адамдар еді. Жәдидтік қозғалыстың мақсаты – халық санасында төңкеріс жасап, «Батыстан» артта қалып, патшалық биліктің бұғауы мен консервативті исламшылдықтың бұғауында езілген түркі әлемін жаңа белеске шығару болатын. Жәдидшілер үшін ең маңызды саяси мәселе мемлекеттілікті құру болды, бұл мәселеде қазақ жәдиттерінің арасында қайшылықтар болды. Мысалы, жәдидшіліктің көрнекті жақтастарының бірі М.Шоқай түркі халықтарының бірігуін, Түркістан автономиясын құруды жақтады. Алаш қозғалысы мүшелері сонымен қатар Ресей құрамындағы Алаш Орда автономиясын жариялады. Екіншіке орай, олардың барлығын Кеңес өкіметі жойып жіберді.

Бүгінгі таңда жалпы жәдидшілдік мәселесі отандық тарихнамада ғана емес, шетелдік (орыс, ортаазиялық) тарихнамада да әлі толық зерттелмеген күйде қалып отыр. Ғылыми ортада бұл ұғым туралы нақты түсінік жоқ. Бұл үрдістің табиғаты да талас тудыруда. Айталық, кейбір зерттеушілер «жәдидшілдік» ағартушылық ағым деп бағаласа, екіншілері оны реакциялық, халыққа қарсы, ұлтшылдық, буржуазиялық деп бағалады (Лысенко, 2017: 9).

Бұл мәселеде исламның жәдидшілдіктегі орны мүлдем ашылмаған. Әлбетте, Ресейдің сол кездегі атеистік саясаты жалпы дін туралы сөз қозғауға мүмкіндік бермегендіктен, ислам дінінің жаңа әдіспен білім берумен байланысы тығырыққа тіреледі. Жәдидшілдік қазақ тарих ғылымында әлі жан-жақты зерттеу нысанына айналған жоқ. Оның кейбір тұстары ғана жеке-жеке қарастырылып, зерттеліп, бірқатар зерттеушілер тарапынан жеке мақалалар түрінде берілген.

Жәдидшілдіктің жеке мәселелері мен оның тарихнамасына барынша толық талдау С.В. Могуновтың еңбектерінде ұсынылған (Могунов, 2005; 2006; 2022). С.В. Могунов өткен ғасырдың 30-жж. бастап қазіргі уақытқа дейінгі мәселенің тарихнамасын қарастырды. Ол бұған дейінгі жазылған еңбектерді зерттеу хронологиясы бойынша әрі жәдидшілікті зерттеушілердің түсіндіру сипатына қарай бөліп қарастырады.

Осылайша С.В. Могунов жәдидшілдік феномені туралы алғашқы байыпты зерттеуін С.Асфендияровтың (Асфендияров, 1998: 262-266) еңбектерінен жәдидшілдіктегі әлеуметтік-мәдени бағытты, яғни: жаңа әдісті мектептер үшін күрес пен қалың бұқара арасында ағарту ісін анықтайды. С.В. Могунов шығармасында А.В. Пяковскийдің, К.Е. Бендрикованың, М.Г. Вахабовтың ХХ ғ. 50-60 жж. жазған еңбектерінен жәдидшілдіктің халыққа қарсы, реакциялық және таптық сипатын айқындайды (Могунов, 2005: 103). Сонымен қатар 1970 жж. жарыққа шыққан Х.Ш. Иноятовтың және ХХ ғ. 70-80 жж. басымға шыққан А.И. Сембаевтың, Г.М. Храпченковтың, А.А. Атишевтің еңбектерінен жәдидшілдікке ағартушылық баға берілгенін көрсетеді. (Могунов, 2005: 103) Қазіргі күні жәдидшілдікті зерттеушілер арасында Е.Б. Садықов пен Н.Д. Нұртазинаның



шығармаларында жәдидшілдік туралы көзқарастарын Қазақстан тарихындағы ағартушылық пен мәдениеттанушылық бағытындағы құбылыс ретінде түсіндіреді (Могунов, 2005: 104-105).

Қазақстандағы жәдидшілдік тарихнамасы бүгінде жаңа еңбектермен толығуда, олардың ішінде Д. А. Аманжолова, Р.Қ. Нұрмағамбетова, Л.З. Болатбаева, А.И. Исмаилов, Қ.Қ. Базарбаев, Б.Н. Жунусовтардың шығармаларын айтуға болады. Дегенмен, олар жалпыұлттық «Алаш» қозғалысының мәселелеріне баса назар аударып, жәдидшілік ағымын зерттеуде оған екінші дәрежелі рөл жүктейді.

Қазақстандағы жәдидтік қозғалыс туралы ең заманауи зерттеулердің қатарына Н.А. Қазбеков пен Н.А. Қазбекованың зерттеулерін атауға болады (Қазбекова, 2007; Қазбекова, 2011). Авторлар өз мақалаларында жәдидтердің ұлттық болмысты жаңғыртудағы, түркі халықтарының рухани мәдениетінің өзіндік ерекшелігін сақтаудағы рөлі мен маңызын, сондай-ақ XIX және XX ғасырлар тоғысындағы зайырлы білімнің қалыптасуының кейбір мәселелерін қарастырады.

Жәдидшілдік мәселелері Г.С. Сұлтанғалиеваның еңбектерінде бірнеше рет қозғалады. Автор жәдидшілдікті Еділ-Жайық және Қазақстан арсындағы түркі тілдес халықтардың өзара байланысы аясында қарастырады. (Сұлтанғалиева, 2001)

Философия бағыты бойынша ізденістерде де «жәдидшілдік» зерттеу нысанына айналады. Атап айтқанда Н.А. Байғаревтың (Байғараев, 2015) және Т. Темірбаевтың (Темірбаев, 2013; электронды ресурс) еңбектерінде көрініс береді. Н.А. Байғараев жәдидшілдік идеяларының қазақ халқының әлеуметтік-мәдени және саяси өміріне әсері жайында PhD диссертациясы қорғаған (Байғараев, 2016).

Қазақстандағы тарих ғылымының дамуына орасан зор үлес қосқан белгілі ғалым, академик Манаш Қозыбаев өз еңбектерінде қазақ халқының ағарту мәселелерін де қарастырған. Оның ерекше қызығушылығының объектісі XIX-XX ғғ. тоғысындағы Қазақ даласындағы қоғамдық-саяси оқиғалар болды. Оның пікірінше, бұл кезеңде Қазақстан көп-векторлы әлеуметтік-саяси үрдістермен сипатталады. Осындай оқиғалар ағымында қазақ халқының одан әрі қарайға дамуы тағдырына мүдделі алаштықтар мен жәдидшілер өз қызметін жүзеге асырды. Ғалым жәдидшілерді батысшылдар қатарына жатқызды (Қозыбаев, 2000), өйткені олар Ресей империясындағы мұсылмандардың өмірін заманымыздың жаңа талаптары мен ағымдарына бейімдеп, реформалауды жақтады. Қазақстандағы жәдидшілдік туралы тарихнама зерттеулерінің тізімі осымен шектеледі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, жәдидшілдік ағымы қазақ халқының мәдени және қоғамдық-саяси өмірін өзгертуде қуатты серпін болды. Сондай-ақ жәдидшілдік қазақ ортасында өз халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрес жолына түскен білімді қазақ зиялыларының тұтас бір шоқжұлдызының қалыптасуына ықпал етті.

Бүгінде жәдидшілдік идеяларының пайда болғанына бір ғасырдан астам уақыт өтіп, қоршаған әлем мен өмір сүру деңгейі өзгерген және жалпы орта білім жоғары сапалы әрі баршаға қолжетімді болды. Зайырлы білім берудің заманауи жүйесі орасан зор өзгерістерді бастан өткерді, жаңа технологиялар енгізілді, IT-технологиялар кеңінен қолданылуда. Дегенмен, біз жастардың рухани-адамгершілік өмірінде үлкен кемшіліктер бар екенін байқаймыз. Жас ұрпақты тәрбиелеу қиындай түсуде. Діни құндылықтар ұмытылып, қай діннің болмасын адамгершілік, имандылық, әдептілік құндылықтары бүгінгі қоғамда бағаланбайды. Адам санасына рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытпай оны әрі қарай дамытып, нығайтпай ешбір қоғамның болашағы жоқ екенін түсіну қажет. Осы орайда өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда жәдидшілдік элементтерін толықтай қолдануға болады. Жәдидшілдік діни білім беру жүйесінде неғұрлым қолайлы екені анық. Дегенмен, оның қағидаларын зайырлы білім беруде орынды қолдану өскелең ұрпақ пен жалпы қоғам



үшін өз жемісін бере алады. Өйткені, жәдидшілдік тарихы қоғамды жаңартуға бағытталған істер нәтижесін бір кездері қазақтың білімді зиялыларының тұтас бір шоқжұлдыз өкілдерінің шығуымен көрсетті.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- Абдирашидов З. (2011). Аннотированная библиография туркестанских материалов газеты «Таржуман» (1883-1917). Токио университет. – 234 б.
- Асфендияров С. Д. (1936). Национально - освободительное восстание 1916 года в Казахстане. Алма-Ата-Москва. – 151 б.
- Асфендияров С. Д. (1998). История Казахстана (с древнейших времен). – 3-е издание. Под ред. проф. А.Такенова. – Алматы: Санат. – 304 б.
- Атишев А. А. (1979). Политическая мысль Казахстана второй половины 19 – начала 20 века. Алма – Ата.
- Байғараев Н. А. (2015). Революцияға дейінгі және кеңестік әдебиеттерде жәдидшілдіктің зерттелу тарихы: зерттеулердің ерекшеліктері. ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. № 2 (77).49-55 бб.
- Байғараев Н. А. (2016). «Влияние идей джадидизма на процесс социо-культурного и политического развития Казахской степи (вторая половина XIX – начало XX вв.)», дис. PhD.: 6D020900 - Востоковедение, КазНУ имени аль-Фараби. – 158 б.
- Бейсембиев К. (1965). Прогрессивно-демократическая и марксистская мысль в Казахстане в начале XX века. Алма-Ата. Изд.: «Наука». – 304 б.
- Бермухамбетова Б. Б. (2006). Проблемы истории в научно-просветительском наследии И. Алтынсарина. Известия НАН. Серия общественных наук. Источниковедение и историография. Алматы, №4. Б. 14-18
- Большая советская энциклопедия: в 30 т. (1969 – 1978) / Гл. ред. А. М. Прохоров. М.: - 3-е изд. Электронный ресурс. <http://bse.uaio.ru/> (сайтқа жүгінген уақыт: 25. 03. 2022. 10.53).
- Гафаров С. (2001). Исмаил Гаспринский – великий просветитель / сост. Зиядинов Ф. – Симферополь: Тарпан. – 256 б.
- Казахстан. Национальная энциклопедия. (2004) / Гл.ред. Б. Аяган. – Алматы: Гл.ред. «Казак энциклопедиясы». Т1. Т2. Т3.
- Казбекова Н. А. (2007). Джадидизм и народное образование в Казахстане в конце XIX – начале XX вв. / Вестник КарГУ.
- Казбеков Н. А., Казбекова Н. А. (2011). Роль мусульманской и либеральной интеллигенции в становлении системы образования Казахстана в конце XIX - начале XX вв. / Международный научный журнал «Актуальные проблемы современности». Караганда: Изд.: Болашак Баспа. № 9 (74).
- Калимуллин Р. Х. (2011). Модернизированный джадидизм в России: монография [Текст].- Уфа: Изд-во БГПУ. – 126 б.
- Кан Г. В. (2011). История Казахстана. Алматы. Изд.: «Алматы кітап». – 312 с., илл.
- Касабеков С. (2006). Идеино-политические ориентиры политической деятельности мыслителей казахской степи. Журнал Казахская цивилизация. № 3.
- Кенемолдин М. (2016). Мыслями возвращаясь к Шокану. Электронный ресурс - «Mangi El», 01-02, 2016. С. 76-83//e-history.kz/ru/news/show/3840/ (сайтқа жүгінген уақыт: 24. 03. 2022. 15.10).
- Козыбаев М. К. (2000). Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах. Книга первая. – Алматы: Галым. 420 б.
- Лысенко Ю. А. (2017). Этнополитические процессы в центральноазиатских окраинах России в период революций 1917 г.: Монография / Барнаул: Изд. Алт. Ун-та, - 384 б.



Могунов С. В. (2005). Некоторые вопросы историографии джадидизма в Казахстане. «Евразийский ежегодник». Астана: ЕНУ. Б. 328-333.

Могунов С. В. (2006). Некоторые методологические вопросы исследования джадидизма в Казахстане / Материалы республиканской научно-практической конференции «Козыбаевские чтения – 2006». Т. 2. - Петропавловск. Источник: <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/29881/> (сайтқа жүгінген уақыт: 18. 03. 2022. 17.15).

Могунов С. В. (2022). Использование методологической концепции М. Козыбаева в изучении джадидизма как направления общественно-политической мысли в Казахстане на рубеже 19-20 веков. Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». №1 (29). (сайтқа жүгінген уақыт 12. 04. 2022. 13.53).

Мұхамедханұлы Қ. 1995 Абайдың ақын шәкірттері; жалпы ред. басқ.: М. Қ. Орынбаев, Х. М. Матаев, М. Ж. Шайжүнісов – Алматы Дәуір. – 3 кітап. – 319 б., порт.,сурет.

Нургалиева А. М. (2007). Христианизация и казахская степ (XIX - начало XX вв.). Электронный ресурс «naukarus» <<https://naukarus.com>. (сайтқа жүгінген уақыт 17. 05. 2022. 22.24).

Султангалиева Г. С. (2001). Джадидизм и взаимодействие тюркоязычных народов Урало-Поволжья, Казахстана (конец - начале XX в). // Вестник КазГУ им. аль-Фараби. Серия историческая № 3(22). - С. 38.

Темирбаев Т. (2013). Джадидизм и реформа мусульманского образования / Темирбаев Т. Джадидизм и реформа мусульманского образования. Актуальные проблемы развития мировой философии. Том I. Электронный ресурс - <https://dspace.enu.kz/> (сайтқа жүгінген уақыт: 20. 03. 2022. 15.07).

Темирбаев Т. Алаш и джадидизм. Электронный ресурс - <https://www.academia.edu/> (сайтқа жүгінген уақыт: 20. 03. 2022. 11.15).

Черновая С. (2016). Личность и деятельность Исмаила Гаспринского в перспективе времени / От религиозного реформаторства к европеизации культуры мусульман. К 155-летию со дня рождения Исмаила Гаспринского. Сборник статей. – М.: ГИИ. Б. 11-33.

Электронный ресурс - <https://kraeved-kst.kz/ru/gordost/o-regione/gordost-zemli-kostanaiskoi/utetleuov-beket.html/> (сайтқа жүгінген уақыт 08. 04. 2022).

Электронный ресурс <http://www.tarih-begalinka.kz/ru/history/revolution/figures/seralin/> (сайтқа жүгінген уақыт 19. 05. 2022. 18.39).



УДК 314.7.045

КОРЕЯНЫҢ ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫНДАҒЫ ДЕПОРТАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ӘСЕРІ

Мухамедгалиева Айдана Кенжеболатовна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Халықаралық қатынастар факультеті,
«Шығыстану» мамандығының 3 курс студенті,
Ғылыми жетекші – Тажигулова Гульмира
Астана, Қазақстан

***Аңдатпа:** Мақалада Кореяның қазіргі заман тарихы бойынша депортация мәселесін, сондай-ақ Корея Республикасы азаматтарының қоныс аударудан кейінгі өмірі жайындағы қызықты материалдар ұсынылған. Мақаладағы басты мақсат – кәрістердің ХХ ғасырдың екінші ширегінде болған бастан кешірген қиыншылықтарын сипаттау, әрі сол қиыншылықтардан мойымай жат елде тұрғанымен, өзінің ұлттық деңгейлерін жоғалтпағандығын көрсету. Мақаладағы басты идея – «корё сарамдардың» 80 жылдан астам уақыт өз елінен тыс жерде тұрғанымен, өз мәдениетін әлі күнге дейін жалғастырып, келер ұрпаққа жеткізуін зерттелу барысында жинақталған бірнеше аргументтер мен тезистер арқылы дәлел ету. Сондай-ақ тарих бойынша кешегі күннен бүгінге дейін, бүгін күннен болашақта жалғасын табатын корей мәдениетін, яғни тілін, салт-дәстүрін, жоғалтпай, аманат ретінде, болашақ ұрпаққа жеткізудің маңыздылығы және жолдары туралы толық түсінік берілді. Мақалада кәріс мәдениетінің қазіргі таңда Орталық Азия жерінде сақталып «корё сарамдарға» кеңінен насихатталып жатқандығы туралы, сонымен қатар Қазақстандағы кәрістер мен қазақтардың ұқсастықтары, ерекшеліктері және байланыстары туралы қарастырылды. Зерттеу мақаламызда кәрістердің қазіргі өмірі, сондай-ақ Қазақстан мен қазақ халқына деген көзқарасы туралы оқушы мен тыңдаушы үшін ой елегінен өткізу мақсатында алдыңғы ғасырдан бері біздің елде тұрып жатқан кәрістердің арнайы сұхбаттары дайындалып, көрсетілді.*

***Кілттік сөздер:** корё сарам, депортация, мәдениет, Қазақстан, Корея, салт-дәстүр, тіл, ұрпақ.*

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша елде тұрып жатқан әр азаматтың құқықтар қорғалады және адам өмірі басты қазына болып саналады. Қазақстан Республикасы – көпұлтты мемлекет, себебі қазіргі таңда елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері тұрақты түрде тұрып жатыр. Соның ішінде қазақтардан кейінгі орында саны бойынша орыстар, өзбектер, украиндар, ұйғырлар, дүнгендер, кәрістер, татарлар, немістер және беларустар Қазақстан халқының құрамына енеді. Қазіргі уақытта корей тілін меңгеріп, тарихы мен әдебиетімен, мәдениеті және географиясымен танысқанымызға 3 жылдан аса уақыт болса да, осы саланы таңдағаннан бері Корей еліне деген қызығушылығым одан әрі арта түсті. Сол себепті де мақаламыз арқылы Қазақстандағы кәрістер туралы толыққанды зерттеу жүргіздік. Осы уақыт аралығында Корея еліне деген қызығушылығым одан әрі арта түсті. Сол себепті де өз мақаламда білім алып жатқан бағытым бойынша Қазақстандағы кәрістер туралы толыққанды түрде зерттелген материалдарымды ұсынамын. Тәуелсіз мемлекеттер достастығына кіретін мемлекеттердің барлығын дерлік қосқанда Қазақстан Республикасында тұратын кәрістердің саны әлдеқайда көп. Қазақ жерінде кәрістер ең көп шоғырланған аймақтар - Алматы облысы Үштөбе қаласы және Қызылорда облысы болып саналады. ТМД мемлекеттері үшін жер аударып әкелінген кәрістердің ғылыми тілдегі ортақ атауы - «корё сарам» деп аталады.



Жалпы, «корё сарам» дегеніміз – корей адамы дегенді білдіреді, яғни «Корё» - 918-1392 жылдар аралығында қолданылған Корей мемлекетінің бұрынғы атауы, ал «сарам» - халық, адам дегенді білдіреді.[1] Бұл атау тек қазақстандық кәрістерге қолданылмайды, бұл қазіргі ТМД мемлекеттерінде тұрып жатқан кәрістерге арнайы ойлап табылған атау. Қазіргі кезде Қазақстанда 103952 кәріс тұрып жатыр, пайыздық көрсеткіште 1,52 %-ды құрайды.[2] Тарихқа шолу жасасақ, 1926 жылы Қазақстанда небәрі 42 кәріс тұрды. Кейін 1937 жылы Ресей территориясының Қиыр Шығысынан жаппай жер аударыла бастады. Бастапқы кезде Ресейдің Қиыр Шығысына кәрістер сол кезде орныққан Жапон экспансиясынан қашып келген екен. Сонымен қатар, 1938 жылы Жапон басшылығы Ресейдің Сахалин аралдарына 16 мың кәрісті (қағаз жүзінде 16 мың болса, іс жүзінде одан да көп болды) жұмыс бабымен, яғни көмір өндіру, орман жұмысымен айналысу және теміржол салу мақсатында көшірген болатын.[3] Ал кейіннен И.В. Сталинның бұйрығымен Ресейдің Қиыр Шығыс облыстарынан кәрістер Орта Азияға көшірілді. Депортация, яғни көшіру жүк поездарымен жүргізілді және соның барысында 11 мың кәріс азаматтары жолда өмірлерімен қош айтысты.[4] Осылайша, бүкіл Кеңес Одағы бойынша кәрістер 182339 адамды құраса, тек бір Қазақстанның өзінде 96453 адамды құрады. Санақ бойынша, 1989 жылдарға қарай Қазақстандағы кәрістердің саны 103315 адамға өсті.[5]

Жер аударылып келген кәрістердің жағдайы мүлдем нашар болғаны бәрімізге аян. Олардың адам төзгісіз түрлері мен жағдайлары, сонымен қатар күнделікті қаражаттарынан бөлек, үй-жайларының, азық-түлігінің, мал-мүлкінің болмауы өте қиын өмірді бастан кешіргендігінің дәлелі болып саналады.[5] Мұндай еріксіз түрде жүргізілген жер аудару негізгі 3 бағытта жүргізілді: біріншісі – Қазақстанның экономика саласын жоғары деңгейге көтеру мақсатында өнеркәсіптерге жұмыс күші ретінде жіберілді, екіншісі – әлеуметтік топтардың қудалануы себебімен жер аударылды, үшіншісі – ең ауыр күйде болғандары, яғни бұларды ұлттық белгісіне қарап жер аударттырған болатын.[5] Көшірілгендердің әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, өз тілдері және тұрмыстары мүлдем өзгерді. Сол бағытта болған көптеген ұлттар осындай қиыншылықтардан өтті, солардың бірі кәріс ұлты еді.[5]

Қазіргі уақытта «корё сарамдар» 4 (5) ұрпаққа бөлінеді: 1-ші ұрпақ – 1945 жылға дейін және 1945 жылы туылғандар, 2-ші ұрпақ – 1960-1965 жылдары туылғандар, 3-ші ұрпақ 1980-1990 туылғандар, 4-ші ұрпақ 2000-шы жылдары туылғандар. Нақты ақпараттардың жоқтың қасы, алайды 5-ші ұрпақтың болуы әбден мүмкін деген ойлар да бар. Алғашқы уақыттарда жер аударылған кәрістер құпия жағдайда болсын өз дәстүрлері мен тілдерін жат елдерде қолданып келді. Депортация және тілге қатысты сұхбат барысында қойылған сауалдарға «корё сарамдар» былай жауап берді: *сұрақ*: сіздің отбасыңыздың «корё сарам» ретіндегі тарихтарыңыз қай уақыттан бастау алады? *«1-ші сұхбат беруші*: Мен және менің ата-анам Қазақстанда туылдық. Бірақ менің әкемнің ата-анасы Қазақстанға ХХ ғасырдың басында жер аударылып келген». *«2-ші сұхбат беруші*: Менің әкем 1908 жылы Приморск өлкесінде туылған. Кейін КСРО мен Жапония арасындағы соғыс уақытында 1937 жылы Өзбекстанға жер аударылады. Мен Өзбекстанда дүниеге келдім, ал 9 жасымда отбасыммен бірге Қазақстанға көшіп кеттім және қазір де осы елде тұрып жатырмын». Тіл бойынша «Сіз корей тілін білесіз бе немесе алдағы уақытта меңгергіңіз келе ме?» деген сұраққа екі сұхбат беруші де «иә, корей тілін ауызекі сөйлеу деңгейінде білеміз» деп жауап берді. Бүгінгі күнге дейін корей елінің дәстүрлі ойындары мен тамақтарының ТМД елдері ішінде қолданылып келе жатқандығының дәлелі осыда жатыр. Мәселен, мынадай әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер әлі күнге дейін өз күшін жойған емес: баланың бір жасын тойлау, 60 жылдық мерейтой, тіпті адамды жерлеу рәсімдеріне дейін корей дәстүрі бойынша орындалады. «Корё сарамдардан» алынған сұхбатта да осы мәселе қозғалды: *«Сұрақ*: өз отбасыңызда корей салт-дәстүрлері сақталып келе ме? Қандай салт-дәстүрлерді айта аласыз? Жауап: Иә, біздің отбасыда корей салт-



дәстүрлері міндетті түрде сақталады, мәселен, баланың 1 жасқа толуы, 60 жылдық мерейтой сияқтыларын біз қазіргі кезде де тойлаймыз».

«Корё сарамдар» Қазақстандағы, қазақ ұлтын санамағанда, басқа ұлттардың ішінде ой-өрісі бойынша интеллекті жоғары және ғылым мен білім саласында биік жетістікке жеткен халық ретінде танылады. Осыған байланысты тек депортация ұшыраған кәрістерде ғана емес, жалпы корей ұлтында «열공» деген түсінік пайда болды. Бұл «열심히 공부하자» деген сөздердің қысқартылған түрі, яғни 열심히 – ынтамен, ал 공부하자 – оқиық дегенді білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, Қазақстандағы қаншама ұлттың ішінен кәрістер білім жағынан болсын, жалпы қай саланы қарастырсақ та, үнемі суырылып алға шығады. Себебі 80 жылдан астам уақыт жат елде өмір сүрсе де, қанынан дарыған бұл қасиет ешқайда кетпейді, мәселен тарихшы Герман Ким, әнші Анатолий Цой, жазушы Анатолий Ким, және т.б., оған қоса қазіргі уақытта әлемдегі ең беделді және танымал қаржы-экономика саласында басылып шығарылған журналдаға «Қазақстанның ең бай 50 бизнесмендерінің тізіміне» енетін Қазақстан кәрістер – Вячеслав Ким мен Владимир Кимді айта кеткен жөн.[1] Демек, түп тамыры «корё сарамдар» бола тұрып, түп тамыры кәрістер болғандықтан, әр бастаған істі ынтамен жасауға және еңбекке деген құлшынысы әрдайым жоғары тұрады.

Депортация әсерінен корейлер кейбір дәстүрлерін сақтап қалды және егде жастағы «корё сарамдар» өздерінің туған тілдерін ұмытпады, алайда аз да болсын Орта Азияда және Қазақстанда тұрып жатқан кәрістердің қазіргі кездегі Кореяда тұрып жатқан кәрістерден өзгешелігін байқай аламыз. Мәселен, корё сарамдардың асханасына келер болсақ, тарихи қиындықтарға қарамай, олардың корей тағамдарын жақсы сақтап қалғандары таңғаларлық жайт. Корё сарамдардың асханасы Солтүстік Кореядағы Хамген провинциясының тағамдарымен ұқсастау келеді, олар да ет сорпалар мен тұзды гарнирлерді көптеп жейді. Тіпті дайындалу жолдары мен керекті қоспалары бірдей, алайда «корё сарамдар» жергілікті тағамдарға бейімделгендіктен, жаңа қоспалар арқылы жасалған тағамдардың пайда болуына алып келді.[6] Бізге белгілі мысалдардың бірі Кеңес Одағында «корей сәбіз салаты» деп аталатын ащы салат болып табылады. Бұл Оңтүстік Кореяда белгілі болмаған «корё сарамдардың» өнертабысы болып есептеледі. Бір қызығы бұл ойлап табылған тамақ әлемдік деңгейде мойындалып, ТМД елдерінің көптеген асханаларында беріліп, супермаркеттерінде сатылымға түсті.[6] Оңтүстік Кореяда қолданыстағы тағамдары – пульгоги, бибимпап және самгепсаль сынды кейбір тағамдары «корё сарамдар» арасында кең танымалдылыққа ие болмады. Дәстүрлі түрде «корё сарамдардың» арасында танымал тағамдардың қатарына пигоди, куксу, косари че, качи че, панчан жатқызылады.[6] Мұны Қазақстанда әлі күнге дейін тұрып келе жатқан «корё сарамдардан» алынған сұхбаттар да дәлел бола алады: *сұрақ:* отбасыңызда корей дәстүрлері сақталып, қолданылып келе ме? *Жауап:* біздің отбасыда корей асханасына байланысты дәстүрлер сақталып келеді. Біз әлі күнге дейін куксу, пигоди, кимчи және түрлі корей салаттарын жасаймыз.

Қорыта айтқанда, мәдениеттің, дәстүрдің, тілдің сақталуы тікелей халықтың өзіне байланысты екен. Әрине, 80 жылдан астам уақыт басқа елде тұрып, өмірінде небір қасіреттер мен қиыншылықтар көргеніне қарамастан, қалай да болсын келешек ұрпаққа корей мәдениет сақтап қалу сонау ғасырдағы жас азаматтардың қазіргі замандағы қариялардың басты мақсаты еді. Жүргізілген сұхбатқа байланысты барлық сұхбат берушілер Қазақстан жерін өзінің туған Отаны санайды. Шынымен де қиын-қыстау заманда корей азаматтарына пана бола алған қазақ жері басқа ұлттарға қашан да болсын туған жері ретінде қала бермек. Көшіп келген азаматтардың жастық шағы, өмірінің барлық дерлік кезеңдері Қазақстан территориясында өтті. «Корё сарамдар» мен қазақ жері арасындағы байланыс өте жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Сол уақытта қазақ халқының корей



азаматтарына көмек қолын созуы қазіргі уақытта да жалғасын табуда. Алдыңғы жылы Қызылорда облысына Корея Республикасының делегациясы - КР патриоттар және ардагерлер істері министрі Хван Ги Чхол, Корея Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ку Хонг Сок, "генерал Хон Бом До мемориалы" қорының төрағасы У Вон Шик, актер Чо Вон Джун және басқа да сала қызметкерлері келді. Жұмыс сапарының басты мақсаты өткен ғасырдың басында жапон басқыншыларына қарсы корей партизандық қозғалысының батыры генерал Хон Бом Доның сүйегін Отанына әкету және екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі бірлескен жобаларды талқылау болды.[7] Хон Бом До да қазіргі «корё сарамдар» сияқты КСРО-дан Қазақстанға, Қызылорда облысына 1937 жылы депортацияланды, ал 1943 жылы Қазақстан жерінде дүние салды.[8] Қаншама жылдар өтсе де қазақтардың бөтен ел азаматының сүйегін бұзбай, сау күйінде сақтап қалуы корей халқы мен қазақ халқын одан сайын жақындастыра түсті. Бұл қазақтардың басқа ұлттарға деген құрметін, сыйластығын көрсетеді. Сондай-ақ сол жылы, яғни 2021 жылы 17 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті және делегациясы Корея Республикасына жұмыс сапармен аттанды. Қ.К. Тоқаев өз сөзінде Хон Бом Доның сүйектерін Қазақстанның корей халқына деген шынайы құрметінің көрінісі деп атады. "Біздің халық жер аударылған барлық корейлерді панасына алды. Олар қазақ жерінен баспана тауып, біздің отандастарымыз болды. Біздің елімізде әрбір этностың өз тамырынан алшақтамауы, тілі мен менталитетін сақтауы үшін барлық жағдайлар жасалған. Корей диаспорасы да осы мүмкіндіктердің барлығына ие", - деп атап өтті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Дәл сол сапарда Кореяның Сеулдегі «Cyber University of Korea» университеті аумағында Абайдың бюсті орнатылды. Қ.К. Тоқаев бұл маңызды оқиғаның Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.[9] Президентіміздің «Біздің корей бауырларымыз ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосып, көптеген салаларда табысты еңбек етуде. Қазақстанда тұратын корейлер біздің елдеріміздің арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға белсенді қатысады. Болашақта біздің ынтымақтастығымыз достық рухында нығая түсетініне сенімдімін» деген сөздері, шынымен де, тарихымыз ұштаса байланысып жатқан корей халқымен кешегі уақытта бір шатырдың астында тұрғанымыз, бүгінде жұмыла жұмыс жасап жатқанымыз – ертеңгі күні ең мықты деген дипломатиялық қатынастар орнатқан екі дамыған мемлекет ретінде болашаққа қол ұстаса қадам басуымыздың үлкен себебі бола бермек.[10]

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%d0%9a%d0%be%d1%80%d1%91-%d1%81%d0%b0%d1%80%d0%b0%d0%bc#:~:text=%d0%a1%d1%80%d0%b5%d0%b4%d0%b8%20%d0%b8%d0%b7%d0%b2%d0%b5%d1%81%d1%82%d0%bd%d1%8b%d1%85%20%d0%ba%d0%be%d1%80%d1%91%2d%d1%81%d0%b0%d1%80%d0%b0%d0%bc%20%d0%bc%d0%be%d0%b6%d0%bd%d0%be,%d0%90%d0%bd%d0%b8%d1%82%d1%83%20%d0%a6%d0%be%d0%b9%2c%20%d0%b1%d0%be%d0%ba%d1%81%d1%91%d1%80%d0%b0%20%d0%9a%d0%be%d1%81%d1%82%d1%8e%20%d0%a6%d0%b7%d1%8e>
2. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D1%80%D0%B5%D0%B9_%D0%B4%D0%B8%D0%B0%D1%81%D0%BF%D0%BE%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%8B
3. <https://www.vesti.ru/article/2654513>
4. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B_%D0%BA%D0%BE%D1%80%D0%B5%D0%B9%D0%BB%D0%B5%D1%80
5. <https://abai.kz/post/5425>
6. <https://ru.wikibrief.org/wiki/Koryo-saram>



7. <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda/press/news/details/242132?lang=ru#:~:text=%D0%9F%D0%BE%D1%81%D0%BB%D0%B5%20%D0%BE%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D1%87%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%8F%20%D0%93%D1%80%D0%B0%D0%B6%D0%B4%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B9%20%D0%B2%D0%BE%D0%B9%D0%BD%D1%8B%20%D0%A5%D0%BE%D0%BD,%D0%9A%D1%8B%D0%B7%D1%8B%D0%BB%D0%BE%D1%80%D0%B4%D0%B5%20%D0%B2%20%D0%B2%D0%BE%D0%B7%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B5%2075%20%D0%BB%D0%B5%D1%82.>
8. <https://ru.sputnik.kz/20210817/tokaev-khon-bom-do-17878861.html>
9. <https://ru.sputnik.kz/20210817/byust-abay-seul-17884743.html>
10. <https://ru.sputnik.kz/20210817/tokaev-khon-bom-do-17878861.html>

УДК 39(395)

ОСОБЕННОСТИ ТРАДИЦИОННОГО СЕМЕЙНОГО ЭТИКЕТА ТУНГУСОВ (ЭВЕНОВ И ЭВЕНКОВ) ЯКУТИИ

Алексеева Сардаана Анатольевна

Старший научный сотрудник

Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов
Севера СО РАН, Якутск, Россия

***Аннотация.** В данной статье описаны особенности традиционного семейного этикета в этнолокальных группах эвенов и эвенков Якутии. Проанализированы внутрисемейные отношения, которые были подчинены правилам этикета, рассмотрены традиции гостеприимства и роль старшего поколения в жизни тунгусского общества.*

***Ключевые слова:** этикет, семейные отношения, традиции гостеприимства, тунгусы.*

Одно из первых мест в шкале морально-этических ценностей тунгусов занимает уважение к старшим, почитание родителей, традиции гостеприимства. Большую роль семейной, общественной жизни эвенов и эвенков играли старики и старухи – главные хранители всех традиций, обычаев и заветов предков, их авторитет держался на жизненном и трудовом опыте, практических познаниях. Традиционное уважение вообще к людям старшего поколения, было связано с древней родовой организацией, когда роль людей, умудренных жизненным опытом, была очень велика.

Как писал по этому поводу В.А. Туголуков, «еще одним важным принципом древнего тунгусского правопорядка являлось уважением к старшим по возрасту и безусловный приоритет старшинства в любых случаях жизни» [7, с. 75].

Непререкаемый авторитет стариков являлся еще одним средством, при помощи которого поддерживается стабильность внутриэтнических межпоколенных связей, стабильность всего коллектива [1, с. 113].

Без согласия стариков тунгусы не предпринимали никаких важных акций. Еще в начале XX века исследователь аянских эвенков (Охотское побережье) Э.К. Пекарский писал о них: «Стариков почитают: при встречах с ними в знак почтения подают две руки, а не одну, как остальным. Во время перекочетов за стариками ухаживают; в случае болезни старика останавливаются до тех пор, пока он не выздоровеет» - отмечал В.А. Туголуков [7, с. 75]. Особым уважением пользовались пожилые опытные женщины.



Внутрисемейные отношения были подчинены правилам этикета. Существовала патриархальная этикетная субординация на основе подчинения младших старшим, женщин – мужчинам. Возглавлял семью отец семейства или старший по возрасту мужчина, реже – женщина, обычно вдова.

Необходимо отметить, что тунгусская женщина пользовалась в семье очень большим уважением и почетом, обладала самостоятельностью и свободой.

Муж, прежде чем принять решение по какому-либо вопросу, обязательно советовался с ней. «Во многих вопросах, касающихся житейских проблем, муж и жена действовали всегда сообща. Например, ни мать, ни отец никогда не решали единолично такие дела, как женитьба сына и выход замуж дочери» [5, с. 139].

Отмечали независимое и равное положение с мужчиной положение женщины и документы XVII в. Например, в 1600 г. жена ключетского тунгуса Токуя приходила на р. Акиму с котом для торговли с оленными тунгусами... В 1641 г. «тунусская баба Чагакчан» сообщила администрации, что «верхненленские де тунгусы Челкагиры говорили, ясак государю не хотели дать»; она же вызвалась помочь: «... а я да стану посылать детей своих к верхненленским тунгусам ... и сама стану ездить и говорить им, чтобы они государю ясак давали». В 1701 г. причиной вражды между родами Эден и Бута было убийство Колди Эдена женщиной Бапкая Бута» [2, с. 140].

Также она подчеркивала особую роль брата матери для детей в семейном строе тунгусов: в традиции жизни молодых после свадьбы в семье невесты и в последующем угощении (*нядьюмин*) в семье жены, в связи с чем буквальный смысл термина *эдылэ*- (выйти замуж) – «привести мужа». Отсюда авторитет пожилых женщин и их высокое положение в семье. В фольклоре: женщины-богатыри – в сказаниях; солнце, месяц, земля, река, огонь представлены женщинами – в мифах; женщины-шаманки. Далее в охоте и в охотничьем обряде: традиция снятия шкуры с головы лося и оленя старой женщиной; предложение самой старой женщине съесть первый кусок мяса с головы оленя и первую ложку сэвэна; появление духа – хозяина тайги охотнику во сне в виде женщины и девушки; наличие персонажа хозяйки тайги в сказках; танец двух (вместе с шаманом) старух, держащих в руках изображения людей в первый день охотничьей мистерии-икэнипкэ. ...

У сымских эвенков сохранился древний обычай приветствования родственниц (МА, 1931). Когда молодой родственник впервые посещал чум, где находилась девушка, он должен был войти в пол оборота и подойти к ней, не глядя на нее. Она вставала, и оба подходили друг к другу спиной – *шэгдэнд 'эт долдым, налдем* (букв. «спиной слушаю», «за руки берусь»), затем они должны были взяться за руки и три раза обернуться друг к другу, после чего, немного прикрывая лицо, могли разговаривать. Если ему надо было поздороваться со старой родственницей, они также вставали спиной друг к другу, но брались не за руки, а за палку или полено [2, с. 148-149].

В семейной жизни эвенов были сильны патриархальные традиции, хотя и не в такой жёсткой форме, как среди коряков, - пишет Н. В. Слюнин о камчатских эвенах: «Все заботы по дому и весь хозяйственный труд лежит на женщине, тунгус знает только охоту и рыбную ловлю; даже пасти стада оленей он посылает молодых девушек... Между тем это не то подневольное, боязливо рабское положение женщины, какое мы видели, например, у коряков; в среде тунгусов отношения между мужем и женой дружественны и симпатичны» [6, с. 370].

Как показывают материалы наших полевых исследований, у быстринских эвенов Камчатки «несмотря на все, последнее слово в семье остается за женщиной. Однако она не говорила прямым текстом, а только деликатно подсказывала мужу: «а может быть надо было туда ехать, а не сюда, может, надо было так-то сделать, а не так». И интересный момент про взаимоотношения в семье: как нам рассказывала информант Лилия Егоровна



Банаканова «я учу невестку, жену своего брата, что женщина и сейчас, как и раньше всегда должна идти сзади мужа, чуть поодаль» [ПМА, 2015, 2017 – информант Л.И. Банаканова].. Это было связано с предохранительными мерами, принятыми в тайге, когда мужчина, идя впереди, защищая своих родных, подвергая себя опасности, вел за собой семью.

Бывает, что мужья и вообще взрослые члены семьи-мужчины уходят на промысел в тайгу неочевым порядком, и надолго. В таких случаях женщинам приходится взять на себя, помимо своих чисто женских дел, и все мужские работы по хозяйству. Занимаясь повседневно шитьем, всякой починкой, стряпней, варкой, заготовкой дров и воды, уходом и кормлением детей и. т.п., она должна еще в этом случае и смотреть сама за оленями, ловить их и кочевать с ними с места на место. Но при всем этом многообразии дела, при отсутствии грудного ребенка, тунгуска вполне справляется со всем [3].

